

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылдарға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 764 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын
іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы**

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір айлық мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) тоқсан сайын Мемлекет басшысына Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 9, 65-күжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан
Президентінің
2003 жылғы
N
бекітілген

Республикасы

Жарлығымен

**Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003-2006 жылдарға арналған
Бағдарламасы Бағдарлама паспорты**

Атауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006
жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму
негіздеме стратегиясын іске асыру мақсатында

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Үкіметі

Мақсаты Қоғамдық-саяси тұрақтылық, орнықты
әлеуметтік-экономикалық даму, экономикалық
және экологиялық қауіпсіздікті нығайту,
жүйелік қатерлерді азайту, халықаралық
ынтымақтастықты дамыту негізінде барлық
өңірде халықтың тұрмыс деңгейін көтеру

Үкімет іс-қимылының Әлеуметтік-экономикалық дамудың
басым бағыттары 2003-2006 жылдарға арналған басым бағыттары:
ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму
деңгейдегі айырмашылықты азайту;
Мемлекеттік аграрлық азық-түлік
бағдарламасын қамтамасыз ету және ауылдағы
(селодағы) тұрмыс жағдайын сапалы түрде
ж а қ с а р т у ;

Елдің индустриялық-инновациялық даму
стратегиясын іске асыру;
қоршаған орта сапасын тұрақтандыру;
ғылымды, білім беруді мәдениет пен халықтың
кәсіби біліктілігін арттыруды дамытудың
қазіргі заманғы әрі тиімді жүйесін құру;
шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды
д а м ы т у ;

халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі жетілдіру; мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын арттыру; астананы одан әрі дамыту болып белгіленді.

Міндеттер

Мақсаттар мен орта мерзімді басымдықтарға қол жеткізу мыналарға:

макроэкономикалық теңдестіру мен елдің қаржы және бюджет жүйелерінің тұрақтылығына; валюта және сауда режимдерін ырықтандыруға; халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес есебінен ішкі сұранысты арттыруға; инвестициялық ахуалды жетілдіруге; тұтас алғанда өңдеуші өнеркәсіптегі, сондай-ақ ғылыми жетістіктер мен инновациялық әзірлемелерді енгізу есебінен өнімділікті арттыруға;

шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайтуға және оны қорғауды оңтайландыруға; ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуға;

қазіргі заманғы құрылыс кешені мен құрылыс материалдары өнеркәсібін құру есебінен тұрғын үй және өндірістік құрылыс салуды жандандыру үшін ынталандыру жасауға; салық салынатын базаны кеңейту есебінен салық жүктемесі азаюы кезінде мемлекеттік кірістерді ұлғайтуға; білім беруді, ғылымды және инновациялық қызметті басым дамытуға; экономиканың барлық деңгейі үшін жаңа ғылыми, басқару, инженерлік-техникалық және жұмысшы кадрларын сапалы даярлауға; экономикаға тікелей инвестициялар ағынын ынталандыруға;

экономиканың инфрақұрылымын дамытуға және

оның өндірістік құрылымын жетілдіруге
бағытталатын мемлекеттік ресурстарды тиімді
п а й д а л а н у ғ а ;
өндірістік күштерді ұтымды орналастыруға
ж а ғ д а й ж а с а у ғ а ;
ТМД, ЕурАзЭҚ, ОАЫ, ШЫҰ шеңберінде
экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге
әрі кеңейтуге және Өңірлік ықпалдастық
ұйымының мақсаттарын практикада іске
асыруға бағытталған міндеттерді шешуді

талап етеді.

Іске асыру мерзімі 2003-2006 жылдар

Қаржыландыру Мемлекеттік бюджеттің қаражаты, қарызға
көздері мен қажетті алынатын қаражат, тікелей инвестициялар,
ресурстар қорлар мен басқа да қаржы институттарының
гранттары, қаражаты

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:
жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық нақты
өсуін 7-7,5% мөлшеріне жеткізуге;
деңгейін жан басына шаққанда жалпы ішкі
өнімнің 2006 жылы 2600 АҚШ долларына баламалы
сомаға дейін жеткізуге;
орташа жылдық инфляция деңгейін
4,5 - 5,5%-дан асырмауға;
өнеркәсіп өнімінің орташа жылдық өсуін
9 - 9,5% деңгейінде ұстап тұруды;
ең төменгі күнкөріс деңгейінен табысы аз
халықтың үлесін 20%-ға дейін азайтуды
қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы
Қазақстан Республикасын дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған
стратегиялық жоспарының негізінде әзірленді және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі
Даму стратегиясын одан әрі іске асыруға бағытталған.

Таяу кезеңге арналған бірінші кезектегі міндеттер мен басымдықтар Президенттің
Қазақстан халқына "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі
бағыттары" Жолдауында Үкіметке Мемлекет басшысы берген тапсырмалардан

т у ы н д а й д ы .

Экономикалық өсу қарқыны, макроэкономикалық көрсеткіштердің теңдестірілуі, қаржы ресурстарының берік қоры болуы, мемлекеттік бюджеттің атқарылуы бөлігіндегі экономиканың жай-күйі Үкіметке ағымдағы кезеңдегі проблемаларды шешуді ескере отырып, мақсаттар мен міндеттер қоюды ғана емес, сонымен бірге ұзақ мерзімді міндеттерді шешу ескерілетін жұмысты жүргізуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама шеңберінде Үкімет таяудағы үш жылда Мемлекет басшысы қабылдаған стратегиялық бағдарламалық құжаттарды іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Сонымен бір мезгілде, олардан таяу уақытта экономикалық және әлеуметтік нәтиже алынатын міндеттер шешіледі.

Осыған байланысты Үкімет өз алдына өз қызметінің барлық бағытындағы жұмысты сапалы түрде жақсартуды қамтамасыз ету міндетін қояды.

Орталық және жергілікті басқару органдарының жұмысы қалай ұйымдастырылуына, Қазақстанның экономикалық әлеуетіне осы Үкімет құрамы қандай сапалық өзгерістер енгізетініне ел экономикасын дамыту серпіні мен орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективадағы халықтың әл-ауқатының деңгейі, көбінесе байланысты болады.

Дүниежүзілік қоғамдастықта Қазақстан экономикалық даму үшін жақсы әлеуеті бар мемлекет ретінде орнықты. Осы әлеуетті неғұрлым тиімді түрде іске қосып әрі экономикалық өсудің жоғары қарқыны негізінде халықтың неғұрлым кең жіктерінің әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету міндеті алда тұр.

Қазақстанның экономикасы көбінесе бағасы едәуір ауытқымалы шикізат экспортына тәуелді. Бұл жағдаят елдің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар міндеттерді шешуді талап етеді.

Осыған байланысты Үкімет Бағдарламаны дайындау кезінде экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін сыртқы факторлардың өзгеруіне және ішкі өндірістік әлеуетті пайдалану деңгейін арттыруға барабар ден қою шараларына ерекше назар аударды.

Үкімет елдің егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және ұлттық қауіпсіздігін нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Біздің мемлекеттің ықпалдастық бастамалары экономикалық өсудің жеделдеуіне
ы қ п а л е т е д і .

Үкімет Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға, әлемдегі жетекші елдермен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдетуге әрі кеңейтуге бағытталған жұмысты жүзеге асырады. Сыртқы саяси мақсаттарды одан әрі жылжытуға, республиканың геосаяси және экономикалық мүдделерін қорғауға ерекше
н а з а р а у д а р ы л а д ы .

Орталық Азияда терроризмнің, діни экстремизмнің, есірткі құралдары заңсыз айналымының, заңсыз көші-қонның таралуына қарсы тұру мақсатында Үкімет Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), " Орталық Азиядағы ынтымақтастық" ұйымы (ОАЫ) шеңберіндегі белсенді жұмысты

ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Үкімет Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңестің (АӨІСШК) процесін одан әрі дамыту және оның институттарын қалыптастыру жөніндегі белсенді жұмысты жалғастырады.

ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығының және штаб-пәтері Бішкек қаласында құрылатын ШЫҰ-ның Терроризмге қарсы құрылымының (РАТС) қызметіне ұдайы назар аударылады.

Ішкі даму басымдықтарымен байланыстыру әрі ықпалдастық процестерінің тиімділігін арттыру көзқарасы тұрғысынан аталған ұйымдардың қызметіне Қазақстанның қатысуы жандандырылады.

1. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау

1999 жылдан бастап Қазақстанның экономикасы салыстырмалы түрде макроэкономикалық тұрақтандыруға және өсудің жоғары қарқынына қол жеткізумен сипатталатын даму сатысында тұр. 1999-2002 жылдары республикада жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсуі - 40,1%, өнеркәсіп өндірісі - 48,2 %, ауыл шаруашылығы өкімі - 47,7 %, құрылыс - 87,1% құрады. 1993-2002 жылдары республикадағы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 21 млрд. АҚШ долларынан асты.

Соңғы жылдары инфляция деңгейі: 1999 жылы 17,8 %-дан, 2002 жылы 6,6 %-ға дейін едәуір азайды. Қайта қаржыландыру ставкасы ТМД елдері ішіндегі ең төменгілердің бірі (7 %).

Экономиканы монетарландыру деңгейі 1999 жылдың аяғындағы 13,6%-дан 2002 жылдың аяғында 20,4 %-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте 2000 жылдың басынан бастап халықтың депозиттері (резидент еместерді ескере отырып) 286,9 млрд. теңгеге дейін 5,2 есе ұлғайды, ал банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 770,2 млрд. теңгеге дейін 5 есе өсті.

Ұлттық Банктің халықаралық резервтері және елдің Ұлттық қорының қаражаты 7 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

Еуропалық Экономикалық Одақ пен АҚШ Конгресі Қазақстанды нарық экономикасы бар ел деп таныды. 2002 жылдың қыркүйегінде "Moody's Investors Service" жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі Қазақстанға инвестициялық санатқа жататын Вaa3 кредит рейтингін белгіледі. 2003 жылғы мамырда "Standard & Poor's Rating Services" агенттігі Қазақстан Республикасының шетелдік валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілерін "BB"-дан "BB+"-ға дейін көтерді және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша кредиттік рейтингілерін "BB+/Оң/В"-дан "BBB-/Тұрақты/А-3"-ға дейін көтерді, мұның өзі Қазақстан экономикасының әлеуметтік мүмкіндіктері орнықты түрде бекуде екенін көрсетеді.

Халықтың жан басына шаққандағы бастапқы орташа ақшалай табысы 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 13,7 %-ға артты және 100 мың теңгені құрады. Осы кезең

ішінде нақты ақшалай табыс 7,4 %-ға өсті. 2002 жылы нақты орташа айлық жалақы 2001 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға өсті. Орташа айлық зейнетақының нақты өсуі - 11,4 %-ды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың өсуі - 6 %-ды құрады.

1999-2002 жылдары экономикалық белсенділіктің артуына оң әсер еткен негізгі факторлар: республикадағы саяси жағдайдың тұрақтылығы; жекелеген тауар рыноктарындағы қолайлы конъюнктура; кәсіпкерліктің дамуы; халықтың тұрмыс деңгейінің жақсару нәтижесінде ішкі сұраныстың артуы; қолайлы инвестициялық ахуал; сонымен бір мезгілде экспортқа бағдарланған өндірістер қалыптастырылатын импорт алмастыру саясаты; ТМД елдеріндегі дамудың жоғары қарқыны.

Қазіргі уақытта елдегі макроэкономикалық ахуал тұрақты. 2003 жылы жылғы бірінші жарты жылдықта жалпы ішкі өнімнің өндірілуі өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда бағалау бойынша 10,4%-ға өседі. Өнеркәсіптегі өндіріс көлемі ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда 9,6 %-ға, ауыл шаруашылығы 5,2 %-ға, негізгі капиталға инвестиция - 12,9 %-ға, көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау - 9,6 %-ға, байланыс қызметін көрсету - 23,6 %-ға ұлғаяды.

2003 жылғы маусымда тұтыну бағаларының индексі 2002 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 102,3 % құрады.

2003 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша экспорт 4954,2 млн. АҚШ долларын (2002 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 46 %-ға өсу), импорт - 3071,1 млн. АҚШ долларын (23 %-ға ұлғаяды).

2003 жылғы бірінші жарты жылдықта бастапқы жалақының өсуі 113,7 %-ды құрады, нақты жалақы 6,4%-ға ұлғайды. Жылдың басынан бастап халықтың нақты ақшалай табысы 5,4 %-ға өсті.

Республика экономикасында ағымдағы жылғы маусымда 6,9 млн. адам жұмыспен қамтылған, жұмыссыздық деңгейі 8,5 %-ды құрады.

2. Үкіметтің іс-қимылының мақсаты мен басым бағыттары

2003-2006 жылдардағы сабақтастықты қуаттай отырып, Үкімет басты мақсат ретінде қоғамдық-саяси тұрақтылық, орнықты әлеуметтік-экономикалық даму, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті нығайту, жүйелік қатерлерді азайту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту негізінде барлық өңірдегі халықтың тұрмыс деңгейін арттыру деп айқындайды.

Үкімет қоғамды одан әрі демократияландыру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелеріне зар назар аударатын болады.

2003-2006 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттары:

ел өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіндегі әркелкілікті азайту, кедейлік пен жұмыссыздықты азайту;

Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын қамтамасыз ету және ауылдағы (селодағы) тұрмыс жағдайларын сапалы түрде жақсарту;
Елдің индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын іске асыру;
қоршаған орта сапасын тұрақтандыру;
ғылымды, білім беру мен халықтың кәсіби білігін арттырудың қазіргі заманғы әрі тиімді жүйесін құру;
шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз етуді одан әрі арттыру;
мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлердің жалақысын арттыру;
астананы одан әрі дамыту.
Мақсаттарға қол жеткізу Үкіметтен мыналарды:
макроэкономикалық теңдестіру мен елдің қаржы және бюджет жүйесінің тұрақтылығын;
валюталық және сауда режимдерін ырықтандыруды;
халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес есебінен ішкі сұранысты арттыруды;
инвестициялық ахуалды жетілдіруді;
шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту және оны қорғауды оңтайландыруды;
тұтас алғанда, өңдеуші өнеркәсіпте, сондай-ақ ғылыми жетістіктер мен инновациялық әзірлемелерді енгізу есебінен өнімділікті арттыруды;
ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруды және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуды;
қазіргі заманғы құрылыс кешені мен құрылыс материалдары өнеркәсібін құру есебінен тұрғын үй салуды және өндірістік құрылысты жандандыру үшін ынтыландыруды жасауды;
салық жүктемесінің азаюы кезінде салық салынатын базаны кеңейту есебінен мемлекеттік кірістерді ұлғайтуды;
білім беруді, ғылым мен инновациялық қызметті басым дамытуды;
экономиканың барлық деңгейі үшін сапалы жаңа ғылыми, басқару, инженерлік-техникалық және жұмысшы кадрларды даярлауды;
экономикаға тікелей инвестициялар ағынын көтермелеуді;
экономиканың инфрақұрылымын дамытуға және оның өндірістік құрылымын жетілдіруге жұмсалатын мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануды;
өндірістік күштерді ұтымды орналастыру үшін жағдай жасауды;
ТМД, ЕурАзЭҚ, ОАЫ, ШЫҰ шеңберінде экономикалық ықпалдастықты тереңдету әрі кеңейту және Өңірлік ықпалдастық ұйымының мақсаттарын практикалық іске

а с ы р у б о л ы п б е л г і л е н д і .

Бағдарламаның негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарының негізінде әзірленді және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыруға б а ғ ы т т а л ғ а н .

Таяу кезеңге арналған бірінші кезектегі міндеттер мен басымдықтар Президенттің Қазақстан халқына "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Жолдауында Үкіметке Мемлекет басшысы берген тапсырмалардан т у ы н д а й д ы .

Үкімет 2003-2006 жылдары мыналарды:
7-7,5% мөлшерде жалпы ішкі өнімнің нақты орташа жылдық өсуі;
халықтың жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімнің деңгейін 2600 АҚШ долларына баламалы сомаға дейін көтеруді;
4,5 - 5,5%-дан аспайтындай инфляцияның орташа жылдық деңгейін;
9-9,5% деңгейінде өнеркәсіптік өндірістің орташа жылдық өсуін;
табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін 20%-ға дейін азайтуды қамтамасыз етуді жоспарлауда.

Зейнетақының, мемлекеттік жәрдемақылардың, бюджеттік саладағы қызметкерлер жалақысының мөлшерін нақты ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Мұның өзі елдегі ішкі тұтынушылық сұранысты ұлғайтуға әрі елдің шағын және орта кәсіпорындарындағы тұтынушылық тауарлар мен қызметтер көрсету өндірісін дамытуды көтермелеуге мүмкіндік береді.

3 . Өңірлік саясат

3.1 . Өңірлік даму

Қазақстан Республикасы өңірлік саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Өңірлер экономикасының тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылуда.

Сонымен бірге, тұтас алғанда ел экономикасының өсуіне қарамастан, республикада өңірлердің, соның ішінде шағын қалалардың, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде едәуір алшақтық байқалады. Жан басына шаққанда халықтың орташа ақшалай табыс деңгейі бойынша өңірлер арасындағы алшақтық 3 еседен астамға жетеді.

Өңірлер арасында ғана емес, сонымен қатар олардың ішінде де ақшалай табыстардың едәуір айырмашылығы сақталуда. Көптеген шағын қалалардағы жан басына шаққанда халықтың орташа ақшалай табысы тиісті облыстардың орташа деңгейінен 30-80% қана құрайды. Ауыл тұрғындарының бастапқы ақшалай табысы қала тұрғындарымен салыстырғанда екі есе төмен.

М а қ с а т т а р ы

Инфрақұрылымның нығаюына, проблемалық аумақтарды атаулы қолдау

саясатымен ұштастырып, халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің кепілдік берілген көлеміне қол жеткізуге жәрдемдесетін басым инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы алшақтықты азайту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Алдағы кезеңде өңірлердің үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені іске асырылады.

2004 жылдан бастап ресурстарды экономикалық перспективалы жерлерде шоғырландыруға мүмкіндік беретін әрі ауыл халқының жеткілікті табыс деңгейін қамтамасыз ететін ауылдық аумақтарды тиімді дамыту мен қоныстандырудың оңтайлы схемаларын қалыптастыру жөніндегі шараларды көздейтін Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталады.

2004 жылы әрқайсысының әлеуетін ұтымды пайдалану ескерілетін елдің өңірлерін тиімді әрі теңдестіре дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының аумақтық дамуының 2015 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданады. Ол қоныстандыру және өндірістік, энергетикалық, көлік, коммуникациялық, су шаруашылығы, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды орналастыру саласындағы ұтымды іс-қимыл жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдарының өзара іс-қимылына негіз болады.

2003 жылы олардың функционалдық типологиясына сәйкес нарық негіздерінде олардың өзін-өзі дамытуына көшуге ықпал ететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданады.

Мынадай мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жалғастырылады: әкімшілік және іскерлік функцияларды жүзеге асырумен қатар, өңіраралық ықпалдастық байланыстарын нығайту жолымен елдің барлық өңірлерін дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Астанада елорда ортасын үйлесімді дамытуды қалыптастыруға бағытталған "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005 жылға дейінгі бағдарламасы";

Алматыны республиканың қаржы, ғылым, білім, мәдени және туристік орталығы ретінде одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған "Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы".

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді ажырату жөніндегі жұмыс шеңберінде республикалық және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы қазіргі қатынастар жүйесі жетілдіріледі, мұның өзі өңірлер мүдделерінің ерекшелігін ескеруге және олардың экономикалық өсуі мен халықтың тұрмыс деңгейін әрі сапасын арттыруға ресурстық әлеуетін тиімді пайдалануға

м ү м к і н д і к

б е р е д і .

Осы мақсатпен 2004 жылдан бастап: басқарудың ауылдық, кенттік және қалалық (аудандық маңызы бар) деңгейлеріне бекітілетін функциялардың тізбесін кеңейту; оларға заңды тұлға мәртебесін беріп, ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарын қалыптастыру көзделеді.

Сонымен бір мезгілде, әкімдердің өз шығыстарын жоспарлау мен атқарудағы дербестігін кеңейту үшін басқарудың осы деңгейін қаржыландыру тетігі жетілдіреді.

3.2. Тұрғын үй-коммуналдық сала

Тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалау барысында тұрғын үй секторы нарықтық қатынастарға көшті, 95 пайыздан астамы тұрғын үй қоры жеке меншікте.

Коммуналдық қызметтер көрсету рыногында бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасалды. Есептеу жолымен белгіленетін коммуналдық қызметтер көрсетуді тұтынудың орташа нормаларынан іс жүзінде пайдаланылған қызметтер көрсету көлеміне ақы төлеуге көшу жүреді.

Сонымен бірге, тұрғын үй қорын пайдалану және ұстау мәселелері проблема болып қалуда. Тозған және авариялық тұрғын үйлер көлемі ұлғаюда.

М а қ с а т т а р ы

Азаматтардың тұрғын үйлерде сапалы әрі қауіпсіз тұруы үшін жағдайлар жасау және көрсетілетін коммуналдық қызметтерді жақсарту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Тұрғын-үй-коммуналдық саланы реформалау жалғасатын болады.

Тозған және авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуді және бекітуді жеделдету қажет. Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру тетіктері әзірленуі және осы қаражатты жұмсаудың ашықтығы қамтамасыз етілуі тиіс.

4. Индустриялық-инновациялық саясат

Шикізат ресурстарының өндірісі мен экспортын үдемелі дамыту ұлттық экономиканың дағдарысты еңсеруіне және соңғы үш жылда экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өнеркәсіп салаларын теңдестіре дамыту мақсатында Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы мен Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Өнеркәсіп көлемінің өсіміне қарамастан, мынадай проблемалар: шикізатқа бағытталушылық, өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі, әлемдік экономикамен ықпалдасудың мардымсыздығы, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың нашарлығы, ішкі рыноктағы тауарларға және қызметтер көрсетуге тұтынушы сұранысының (шағын экономика) төмендігі, өндірістік және

әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалушылығы, ғылымның өндіріспен пәрменді байланысының болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстардың аз болуы, менеджменттің экономиканың жаһандану процестеріне және сервистік-технологиялық экономикаға көшу міндеттеріне сәйкес сай шешусіз қалып отыр.

М а қ с а т т а р ы

Шикізатқа бағытталудан арылуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің орнықты дамуына қол жеткізу, сервистік-технологиялық экономикаға ұзақ мерзімді жоспарлы түрде көшуге жағдай ж а с а у .

Өңдеуші өнеркәсіпте және қызметтер көрсету саласында бәсекеге қабілетті әрі экспортқа бағдарланған тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді өндіру, сондай-ақ өндірілетін өнімге халықаралық сапа стандарттарын енгізу.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қазақстанның Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы мен Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданады.

Осы жоспардың шеңберінде Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттеріне қолданыстағы және әзірленетін бағдарламалардың сәйкес келуі мәнінде оларды талдау жүргізіледі, сондай-ақ инвестициялық әрі инновациялық әлеуеті көзқарасы тұрғысынан экономиканың басым салаларын іріктеу жөнінде з е р т т е у л е р жү р г і з і л е д і .

Экономиканың шикізат секторын дамыту Үкіметтің тиісті салалық және секторалдық бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатын болады.

Үкіметтің іс-қимыл кәсіпкерлік ахуалын жасауға, жеке секторды ынталандыратын және бәсекелі басымдықты жетілдіретін, неғұрлым көп қосылған құнға қол жеткізе отырып, нақты өндірістерде қосылған құн тізбегіндегі элементтерді игеретін қоғамдық институттарды қамту мен олардың құрылымын құруға, сондай-ақ елдегі ғылым мен инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясатты жүзеге асыруға бағытталатын болады.

2003-2006 жылдар ішінде нарық экономикасы қағидаттарына негізделетін және халықаралық практикаға сай келетін техникалық реттеу жүйесін құрудың нормативтік құқықтық базасы әзірленетін болады.

Республика кәсіпорындарында 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарының талаптарына сай келетін сапа мен экологиялық менеджмент

жүйелерін әзірлеу мен енгізу жалғасатын болады.

Өңдеуші өнеркәсіпке тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты жандандыру, қосылған құны жоғары өндірісті дамыту, жоғары технологиялық және экспортқа бағдарланған жаңа өндірістерді құру мақсатында мынадай ағымдағы жылы құрылған даму институттары іске қосылатын болады:

бақылаусыз, капиталға үлестік қатысу жолымен қосылған құны жоғары тауарларды өндіретін қазақстандық компанияларды құруға жәрдемдесетін Қазақстанның
И н в е с т и ц и я л ы қ **қ о р ы** ;

негізгі мақсаты - инновациялық инфрақұрылымды құру, венчурлық қаржыландырудың дамуын көтермелеу, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қаржыландыру болатын Ұлттық инновациялық қор;

саяси және реттеушілік тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру жолымен қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтер көрсетуі экспортына жәрдемдесу үшін Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы.

Алдағы кезеңде осы даму институттарын қалыптастырудың дайындық сатысы, олар бойынша қолдау көрсетілетін жұмыс істеу тетіктерін және өлшемдерін әзірлеу, олардың пилоттық жобаларды жүзеге асыруы жүргізілетін болады. Олардың қалыптасуына қарай экономиканың барлық саласында Стратегияның іс-шараларын белсенді түрде іске асыру басталады.

Шикізаттық емес секторда жұмыс істейтін отандық кәсіпорындарды кредиттеу көлемін ұлғайту, өңдеуші өнеркәсіпті және өндірістік инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында Даму банкінің жарғылық капиталы ұлғайтылды, ал экономикаға кредит беру құнын төмендету мақсатында оған бюджет ресурстары беріледі.

Шағын бизнестегі инновациялық және ғылымды қажет ететін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша жабдықтар мен технологиялар сатып алу және франчайзингтік қатынастарды кеңінен қолдану есебінен дамуы үшін жағдайлар жасалады.

4.1 Минералдық шикізат кешені

Мұнай-газ өнеркәсібі мен тау-кен өңдеу кешені өнеркәсіптің неғұрлым ірі және серпінді дамып келе жатқан салалары болып табылады.

Мұнай-газ саласында мұнай өндіру өсімі тұрақты қамтамасыз етілуде. Теңіз-Новоросийск экспорттық мұнай құбыры (КТК) және Кеңқияқ-Атыраудың бірінші кезегі пайдалануға берілді. Каспий қайраңының қазақстандық секторында көмірсутегі шикізатының едәуір қоры бар мұнай-газ кен орындары ашылды.

Газ саласын дамытудың 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы және Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Алайда, соңғы жылдары Республиканың минералдық-шикізат кешені жай-күйінің серпінінде өтелетін қорлардың таусылу үрдісі байқалды әрі үдеп келеді.

Пайдалы қазбалардың көптеген түрлерінің қорын өтеу деңгейі олардың өсімінен асып түседі, тау-кен кешенінің көптеген кәсіпорындары сапалы кен жетіспеушілігін сезінуде.

Өндіріс көлемінің төмендеуі немесе оның тоқтатылуы шағын қалалар мен кенттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соғады. Мұнай және өздігінен құйылатын гидрогеологиялық ұңғымалар экономикаға үлкен зиян шектіреді.

М а қ с а т т а р ы

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының барланған қорларын толықтыруды және олардың тиімді пайдаланылуын арттыруды, минералдық-шикізат саласының табыстылығын арттыруды, мұнай мен газды тасымалдаудың магистралдық құбырын дамыту және жаңғыртуды қамтамасыз ететін минералдық-шикізат ресурстарын мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Геологияда және жер қойнауын пайдалануда. Алдағы кезеңде ресурстық базаның озыңқы дамуын қамтамасыз ететін жер қойнауын және геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік геологиялық зерделеу жүргізу кеңейтілетін болады. Пайдалы қазбалардың толық шығарылуын және жер қойнауының қорғалуын, қорлардың пайдалануға дайындалуын, жер қойнауын пайдаланушылар міндеттемелерінің орындалуын, жаңа технологиялардың енгізілуін бақылау күшейтілетін болады. Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасуда. Мұнай және өздігінен құйылатын гидрогеологиялық ұңғымаларды уақытша тоқтатып қою және жою жөнінде шаралар **ә з і р л е н е т і н** **б о л а д ы .**

Тау-кен өндіру кешендері қала құраушы болып табылатын шағын қалаларды дамыту үшін минералдық шикізаттың дәстүрлі емес және баламалы түрлерін іздеу жөніндегі **ш а р а л а р** **ә з і р л е н е д і .**

Лицензиялық-келісім-шарт ережелері орындау мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру негізінде жер қойнауын пайдалануды басқару жүйесін жетілдіру жалғасады.

Мұнай-газ саласында. Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру мемлекеттік бағдарламасының бірінші сатысын іске асыру басталады, оның негізгі мақсаттары көмірсутектерді барланған қорларының өсуін қамтамасыз ету және өңдеу деңгейін тұрақты жоғары деңгейге жеткізу, көмірсутектерді тасымалдаудың мультимодальдік жүйесін дамыту, теңіз флоты мен теңіз порттарын дамыту, жеке меншік ғылыми-технологиялық базаны қалыптастыру, қазақстандық мамандарды даярлау және оқыту, теңіз мұнай операцияларын басқару тиімділігін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жоюға дайындықты қамтамасыз ету, мұнай-химия өндірістерін дамыту, өндірілетін газды кешенді кәдеге жарату, заңнаманы

жетілдіру болып табылады.

Қарашығанақ, Теңіз және басқа да кен орындарын игеру негізінде көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі арттырылатын болады.

Каспий қайраңының құрылымдарында мұнай мен газға барлау жұмыстары жүргізілетін болады.

Баку-Тбилиси-Жейхан, Қазақстан-Түрікменстан-Иран және басқа бағыттарды қарауды қоса алғанда, перспективалы көмірсутекті шикізатты тасымалдау бағыттарын зерделеу жөніндегі жұмыстар жалғасады.

2004 жылы Атасу-Аланшанкөл бағыты бойынша мұнай құбырын салудың орындылығы қаралатын болады. Газ саласын дамыту бағдарламасын іске асыру басталады.

Жамбыл облысының газ кен орындарының Амангелді тобын игеру жалғасады.

Арал теңізі ауданындағы мұнай мен газға арналған геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру алда тұр.

2006 жылдың соңына дейін Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңартуды аяқтау жоспарланып отыр.

Тау-кен өңдеу кешені. 2003-2006 жылдары металлургия, химия және атом өнеркәсібінің шикізат базасын озыңқы дамыту қамтамасыз етілетін болады.

Мыс және қорғасын-мырыш салаларында кен өндіретін жаңа кәсіпорындарды іске қосу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Жұмыс істеп тұрған кен орындары мен кеніштерді ұтымды әзірлеу, сондай-ақ кені таусылған уран кен орындарын бір мезгілде тоқтатып әрі жойып, республика аумағындағы радиациялық жағдайды зерделеп, радиоактивті қалдықтарды өңдеу жөніндегі мамандандырылған комбинатты салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы дайындай отырып, жаңа жоғары технологиялық өнімдермен әлемі рынокқа шығып, атом өнеркәсібі кәсіпорындарындағы қуаттарды арттыру жүзеге асырылады.

4.2 Электр энергетикасы мен көмір өнеркәсібі

Электр энергетикасында тұтынушыларды энергиямен тұрақты жабдықтау қамтамасыз етілді. Ресей Федерациясы мен Орталық Азияның энергетикалық жүйелерімен жүйелі байланыстар қалпына келтірілді.

Көмір өнеркәсібінде көмір өндіретін кәсіпорындарды жекешелендіру мен карьерлік және шахталық қорды оңтайландыру жөніндегі жұмыстар аяқталды.

Генерациялаушы және электр желілік активтердің табиғи тозуының дағдарысты күйге жету деңгейі; Қазақстанның оңтүстігі мен батысындағы генерациялаушы қуаттардың тапшылығы; жалпы ішкі өнімнің энергияны қажетсінудегі жоғары үлесі саланың проблемалық мәселелері болып табылады.

М а қ с а т т а р ы

Елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу, экономиканың және халықтың электр энергиясы мен көмірге өсіп отырған қажеттілігін сенімді қамтамасыз ету, электр

энергиясының көтерме рыногын дамыту және электр энергиясын өндіруді әртараптандыру, электр энергетикасының транзиттік әлеуетін пайдалану үшін жағдайлар жасау.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Электр энергетикасы жүйесін одан әрі реформалау және дамыту, өңірлік бөліністегі тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Елдің бірыңғай электр энергетикалық жүйесін дамыту жөніндегі шаралар және Энергия сақтау бағдарламасы әзірленетін болады.

Ілеспе газбен жұмыс істейтін газтурбиналық электр станцияларының, " Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің екінші электр беру желісінің құрылысы ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Ресей Федерациясының электр желілері арқылы электр энергиясын алмастыру мен транзиттеу схемасы жүзеге асырылатын болады.

Жұмыс істеп тұрған шахталарды техникалық қайта жарақтандыру және Екібастұз көмір кен орнын тиімді өңдеудің кешенді жоспары, Қарағанды көмір бассейніндегі рентабельді емес шахталарды жою есебінен көмір өндіру өсімін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Энергияның мынадай балама: атом, жел және басқа көздерін, оның ішінде құрылу үстіндегі Қазақстанның Тоқамақ термоядролық реакторын тарта отырып, пайдалану жөніндегі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілетін болады.

4.3 Өңдеуші өнеркәсіп

2000-2002 жылдары елдің өңдеу өнеркәсібі өнімі өндірісінің тұрақты өсуіне қол ж е т к і з і л д і .

Отандық машина жасау кәсіпорындарының импорт алмастыру бойынша жүргізілетін жұмыстар шеңберінде, ірі мұнай газ, оның ішінде Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игеру жөніндегі жобаларға қатысуы ірі ұлттық және шетелдік компаниялардың отандық тауар өндірушілер өнімін сатып алу көлемдерін ұлғайтуға м ү м к і н д і к б е р д і .

Сонымен бір уақытта, өңдеуші өнеркәсіпте металлургия саласы және тамақ өнеркәсібінің кейбір өнімдері ғана ішкі рыноктағы осыған ұқсас шетелдік өнімдермен б ә с е к е г е т ү с е а л а д ы .

Кәсіпорындардың жалпы техникалық артта қалуы, төмен өнімділік, кәсіпорындар менеджментінің даму қазіргі заманғы міндеттеріне сай келмеуі; инвесторлардың қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға мүдде білдірмеуі; мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы; минералдық шикізатты өндіру бойынша шығып қалған қуаттардың орнын толтыру және жаңаларын дамыту жөніндегі геологиялық-барлау жұмыстарын жеткіліксіз жүргізу; ішкі рыноктың тарлығы сала проблемалары болып табылады.

М а қ с а т т а р ы

ЖІӨ-дегі өңдеуші өнеркәсіптің үлесін ұлғайту, сондай-ақ тауарларды экспорттау құрылымында өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары өнімінің үлесін ұлғайту, бұл ретте саланың орташа жылдық өсу қарқыны 8-8,4% мөлшерінде қамтамасыз етілетін болады.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Экономиканың басым салаларын айқындау жөнінде жүргізілген зерттеудің нәтижелерін ескере отырып, 2004-2005 жылдары өңдеуші өнеркәсіп салаларын дамытудың бірқатар бағдарламалары әзірленетін болады.

Өнеркәсіптің техникалық-технологиялық деңгейін арттыруға бағытталатын инвестициялар ағынын арттыру үшін жағдайлар жасалады. Ғылымды көп қажет ететін жаңа және жоғары технологиялық өндірістерді құру көзделеді, экспортқа бағдарланған жаңа өнім түрлерін шығаруды игеру басталады.

Өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларын дамыту үшін отын-энергетикалық кешеннің және экономиканың басқа да базалық салаларының инвестициялық және өндірістік әлеуеті пайдаланылатын болады.

Өнім сапасының және сапаны басқарудың халықаралық стандарттарына көшу
п р о ц е с і б а с т а л а д ы .

Салалық талдау жүргізу, перспективалы өткізу рыноктарын іздеу және өнеркәсіп салаларын одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығын құру көзделуде.

Машина жасауда қосылған құны жоғары өнімдер өндірісін ұйымдастыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылатын болады. 2004 жылы мұнай-газ және ауыл шаруашылығы бағыттарын басым дамытуды ескере отырып, машина жасау саласын қолдау мен дамыту шараларын айқындайтын Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

Жеңіл, тамақ және ағаш өңдеу өнеркәсібінде тұтыну тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, номенклатурасын және оларды өндіру көлемдерін кеңейту негізгі даму бағыты болмақ. Орта және шағын бизнес субъектілерінің қатысуымен бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Мұнай-химия саласында көмірсутегі шикізатын кешенді қайта өңдеуге бағытталған мұнай-химия кешендерін салудың инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасады, бұл мұнай-химия кәсіпорындары үшін шикізат ресурстарының отандық базасын жасауды қамтамасыз етеді.

Тұтыну рыногына жұмыс істейтін химия өндірістерін дамыту және минералдық тыңайтқыштардың, тұрмыстық химия құралдарының, өсімдіктерді қорғау химиялық құралдарының түр-түрін кеңейту жорамалданып отыр.

Металлургияда қосылған құны жоғары тауарлар, оның ішінде сұрыптау прокаты құбырларын, бастапқы алюминий және одан жасалатын бұйымдарды, ферроқорытпалардың жаңа түр-түрін, сапалы және легирленген болат, титан, бериллий,

тантал, уран және басқа да өнімдер өндіруді қамтамасыз ететін неғұрлым жоғары технологиялық бөліністі бәсекеге қабілетті кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту және жаңаларын салу жорамалданып отыр.

4 . 4 Қ ұ р ы л ы с

Қала құрылысы саласында облыс орталықтарының және облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары әзірленуде. Үкімет Астана, Алматы, Атырау қалаларының б а с ж о с п а р л а р ы н б е к і т т і .

Құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық база жетілдіріледі және жаңартылады. Мемлекеттік тұрғын үй саясатын іске асыру үшін нормативтік құқықтық база жасалады. Тұрғын үй рыногы іс жүзінде қалыптасты. 2002 жылы жалпы алаңы 1,55 млн. шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Құрылыс материалдарының ө н д і р і с і к е ң е ю д е .

Әйтсе де, құрылыс сапасы тиісті емес деңгейде қалып отыр, табысы төмен және орташа азаматтар үшін тұрғын үйге қол жеткізе алмау, импорттық құрылыс материалдарымен бұйымдарының жоғары үлесі проблемалары бар.

М а қ с а т т а р ы

Құрылыс саласын серпінді дамыту үшін жағдайлар жасау және халықтың қалың қауымы, бірінші кезекте - әлеуметтік қорғалатын жіктері үшін тұрғын үй құрылысы қарқынын арттыру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Тұрғын үй проблемаларын неғұрлым белсенді шешу үшін тұрғын үй құрылысының құнын азайтумен және табыс деңгейі төмен азаматтар үшін тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз етумен бірге оны кешенді түрде пайдалануға беру көлемдерін арттыру қажет. Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы әзірленетін болады.

Тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту мақсатында ипотекалық кредит беру мен құрылыс жинақ ақшалары жүйелері жетілдіріледі.

Тұрғын үйдің де, өнеркәсіп құрылысының қажеттіліктерін сапалы үнемді, экологиялық таза, құрылыс өнімдерінің қазіргі заманғы түрлерімен және материалдармен қамтамасыз ету үшін құрылыс индустриясы кәсіпорындарын қайта жаңартуды жалғастыруға жағдайлар жасау қажет.

Халықаралық стандарттардың талаптарымен біріздендірілген жаңа стандарттарға көшу үшін құрылыс материалдарының, бұйымдар мен құрастырмалардың жаңа түрлері бойынша нормативтік-техникалық құжаттар әзірленеді. Құрылыста іріленген сметалық н о р м а л а р ә з і р л е у б а с т а л д ы .

Сейсмологиялық төзімді құрылыс саласындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту көзделеді, соның негізінде сейсмологиялық қауіпті аумақтардың өңірлік ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік нормативтер жетілдіріледі.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылыс өнімінің сапасына талап қатайтылады, сондай-ақ объектілерді жобалау мен салу сапасын бақылау

к ү ш е й т і л е д і .

Тұрғын үйлерді сақтандыру жүйесі одан әрі дамитын болады.

4.5 Шағын және орта бизнес

Үкімет шағын кәсіпкерлікті тұрақты әрі серпінді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасады, бұл экономиканың одан әрі дамудың едәуір резерві бар маңызды факторы ретінде отандық шағын бизнестің қалыптасуына ықпал етті.

Алайда лицензиялау, мүлікті тіркеу, өнімдердің (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) сапасын бақылау т.б. мәселелерде мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттеудің жоғары деңгейі шағын кәсіпкерлікті дамытуға теріс әсерін тигізуде.

М а қ с а т ы

Әсіресе, жаңа технологиялық өндірістерге, жаңа жұмыс орындарын құруға бағдарланған шағын кәсіпкерлікті дамыту есебінен "орташа тапты" қалыптастыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

2003 жылы Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бекітіледі, ол шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі белсенді жұмысты одан әрі жүргізуді көздейді.

Салық салу, шағын бизнесті қаржылай қолдау жүйесін одан әрі жетілдіруге, шағын бизнестің жария экономика шеңберіне шығуын ынталандыруға, кәсіпкерлік кадрларын даярлау мен қайта даярлауға бағытталған шаралар жүйесі әзірленеді.

Тоқтап қалған кәсіпорындарды шағын және орта бизнес субъектілеріне беру мақсатында оларды сегменттеу және қайта құрылымдау жөніндегі жұмыс жалғасады. Рұқсат беру рәсімдері жүйесін реформалау есебінен кәсіпкерлік қызметі мемлекеттік реттеуді оңтайландыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

2003 жылы лицензиялау және тіркеу жүйесін реформалау шеңберінде лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызмет түрлерін тізбесі оңтайландырылады, лицензиялау мен тіркеу мәселелерінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың рәсімдері мен өкілеттіктері нақтыланатын болады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің рөлі жандандырылады және оларды топтастыру мен нығайту үшін жағдайлар жасалады.

Өңірлерде практикада өзін жақсы көрсеткен шағын бизнесті дамытудың үлгі схемаларының таралымын көбейтуді және кеңінен қолдануды бастау қажет.

4.6 Ғылыми-технологиялық және инновациялық саясат

Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық прогресс экономикасы дамыған елдерде экономикалық өсудің 90%-дан астамын қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық дамудың басты факторы болып табылады.

Қазақстан бұл үшін әлеуетті мүмкіндіктерге ие. Республикада қазіргі уақытта үш

жүзге жуық ғылыми ұйымдар бар, машина жасауда, биотехнологияда, атом энергетикасында, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен сақтауда, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің тектік қорын сақтау мен дамытуда, фитопрепараттар өндіруде, радиоэлектроника мен байланыста және басқаларында мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар қалыптастырылды және іске асырылуда.

Алайда, қазіргі уақытта республикада ғылымға арналған шығыстар ЖІӨ-ге шаққанда 0,13%-ды құрайды, бұл өте жеткіліксіз болып табылады.

М а қ с а т т а р ы

Ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану негізінде ел экономикасын дамыту үшін қажетті жағдайлар мен қолайлы орта жасау, теңдестірілген инновациялық-өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру және елдің жалпы ұлттық өнімінде шикізатты құрайтын бөлігін жоғары технологиялық экспорттық өнімге кезең-кезеңімен алмастыру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Ғылыми-технологиялық және инновациялық саясатты іске асыру мыналарды көздейді:

отандық ғылым мен технологияларды дамытудың басым бағыттарының мониторингі;

ғылыми зерттеулерге арналған бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту;
ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

ғылымды қажет ететін, ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды әзірлеуге бағытталған зерттеулерді дамыту;

ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру;
ғылыми-зерттеу ұйымдарының материалдық базасын нығайту;

тәуелсіз ғылыми сараптама нәтижелері бойынша гранттық негізде ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және жетілдіру;

отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп, венчурлық қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және іске асыру;

ғылыми және инновациялық инфрақұрылымның қазіргі заманғы элементтерінің (технопарктердің, технополистердің технологиялық инкубаторлардың, ғылыми-технологиялық аймақтардың және с.с.) қызметін құру және қолдау;

зияткерлік меншікті бағалау жүйесін қалыптастыру;

ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша кадрлық әлеуетті дамыту, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау;

жоғары технологиялық және инновациялық өндірістер үшін инженерлік-техникалық кадрларды даярлау мен инженерлік-техникалық және

басқарушы персоналдың біліктілігін арттыру;
ғылым мен шағын ғылыми-техникалық және инновациялық кәсіпорындардың мемлекеттік емес секторын дамыту үшін қолайлы экономикалық орта жасау;
шетелдік озық технологияларды тарту жүйесін құру;
жас талантты ғалымдарды қолдау.

5 . А г р а р л ы қ с а я с а т

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісінің елдің ЖІӨ көлеміндегі үлесі 8,0% деңгейінде тұрақтандырылды. Жыл сайын 1999 жылдан бастап, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өндірісінің көлемі орташа есеппен 4,2%-ға артуда.

2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы б е к і т і л д і .

Жерде шаруашылық жүргізудің мемлекеттік емес нысандарына 97% ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер бекітілді, сол арқылы жер рыногын дамыту үшін а л ғ ы ш а р т т а р ж а с а л д ы .

Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Жер к о д е к с і қ а б ы л д а н д ы .

Сонымен бір мезгілдік ауыл экономикасының инФракұрылымы кешеуілдеп дамуда. Ауыл шаруашылығы өндірісінің нашар материалдық-техникалық базасы, қазіргі заманғы агросервистік сатып алу, тасымалдау, сақтау мен қайта өңдеу жүйесінің іс жүзінде б о л м а у ы а т а п ө т і л е д і .

Мұның бәрі ауылдағы өндіріс көлемінің ұлғаюын және шығындарды азайтуды тежейтін басты факторлар болып табылады. Агротехнологиялардың төмен деңгейі топырақ құнарлылығының азаюына әкеп соғады.

М а қ с а т т а р ы

Агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру, ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңделген өнімдерін сату көлемін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету негізінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер және су қатынастарын жетілдіру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік институтын енгізу үшін жағдайлар жасалады, жер рыногын қалыптастыру жүргізіледі, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарлама әзірленеді және жерді бағалау әрі түгендеу жөнінде жұмыс жү р г і з і л е д і .

Ауыл шаруашылығында суды пайдаланудың ұтымды жүйесін қалыптасады, ауыл шаруашылығында су пайдаланушылардың бірлестіктерін құру және ауыл шаруашылығы алқаптарының мелиоративтік жай-күйін бағалау жүргізіледі, Су к о д е к с і н қ а б ы л д а у к ө з д е л у д е .

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүліктік мүдделерін қолайсыз ауа райы жағдайларынан қорғау мақсатында "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заң қабылданады.

Егіс алаңдарының құрылымын оңтайландыру жолымен агротехнологиялар тиімділігін арттыру, ғылыми негізделген егіс айналымын және жаңа прогрессивтік технологияларды енгізу; су үнемдейтін технологияларды енгізу; тұқым шаруашылығы базасын жаңартуды ынталандыру және минералдық тыңайтқыштарды, улағыштар мен гербицидтерді өндіру және пайдалану; ауыл шаруашылығы өндірісінің машина-трактор паркін жаңарту; лизингтік бағдарламаларды кеңейту және машина технологиялық станциялар жүйесін құру жөнінде шаралар қабылданады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының зиянкестер мен ауруларға шалдығуының мониторингі жалғастырылады, өсімдіктер карантинінің тиімді шекаралық және ішкі қызметі қалыптастырылады.

Мал шаруашылығында өнеркәсіптік негізде мал шаруашылығы өнімдерінің мамандандырылған орта және ірі тауарлық өндірісін қалыптастыру, селекциялық-тұқымдық жұмысты үдете жүргізу негізінде мал мен құстың тектік әлеуеті жақсарту; ұлттық ветеринария жүйесінің сапалы жаңа сатысына көшу үшін жағдайлар жасалатын болады.

2003 жылы ішкі тауар рыногында импорт алмастыруға, лизингтік негізде қайта өңдеу кәсіпорындарының технологиялық жабдықтарын жаңартуға және жаңғыртуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің терең қайта өңдеу өнімдері өндіру жөніндегі жаңа технологияларды енгізуге, өнімдер сапасы стандарттарын халықаралық талаптармен үйлестіруге бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Алдағы жылдары өндіру мен қайта өңдеудің тікелей кіріктірілген жүйелері, мал сою және дайындау пункттерінің, көтерме рыноктар және биржалық сауданың негізінде, оның ішінде қайта өңдеу кәсіпорындарының, жеке ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мемлекеттік ақпараттық-маркетингтік жүйеге қол жетімділігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімдерімен және тамақ өнімдерімен электрондық сауданы енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін көтерме сатып алу жүйесі дамытылады.

2003-2006 жылдары ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі, жеңілдікті маусымдық кредит беру арқылы және кепіл құралдарын (астық қолхаттарын) қолдануды кеңейту және аграрлық азық-түлік секторының қаржылық тәуекелдерін азайту негізінде ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит берудің көп арналы жүйесін қалыптастыру жөніндегі шаралар жалғастырылатын болады.

6. Инфрақұрылымдық саясат

Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешені тұрақты жұмыс істеумен және негізгі көрсеткіштердің өсуімен сипатталады. Тұтас алғанда, азаматтық авиация,

темір жол көлігі, автомобиль жолдары, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қызметті реттеу жөніндегі заңнамалық базаны қалыптастыру аяқталды. Салаларды дамытудың орта мерзімді кезеңге арналған бағдарламалары әзірленді және қабылданды.

Республикалық бюджеттің қаржылық қаражатының, оның ішінде автомобиль жолдарын дамытуға халықаралық қаржы институттарынан тартылатын қарыздар көлемі жыл сайын ұлғаюда, жаңа прогрессивтік ресурс үнемдейтін технологиялар е н г і з і л у д е .

Тәуелсіз операторлардың инфрақұрылымына енуге жол ашқан темір жол көлігін қайта құрылымдау процесі басталды.

Электрондық Үкімет негіздері қалыптастырылуда, оның веб-порталы және ведомствоаралық ақпараттық жүйелер құрылуда.

Телекоммуникациялар саласын ырықтандыруды бастаудың және почта байланысын дамытудың тұжырымдамалық бағыттары әзірленді.

Сонымен бірге, жылжымалы құрамның, кемелер мен жабдықтардың едәуір тозуы, инфрақұрылымның дамымауы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі кешеннің тиімді дамуын тежейтін елеулі кедергі болып табылады.

М а қ с а т т а р ы

Сыртқы рыноктарға шығуды қамтамасыз ететін транзиттік дәліздерді дамыту және коммуникациялардың ұтымды желісін қалыптастыру, жұмыс істеп тұрған темір және автомобиль жолдарының, су жолдарының, порттардың, әуежайлардың, аэронавигациялық кешендердің техникалық жай-күйін жақсарту, көліктің барлық түрлерінің жылжымалы құрамының отандық өндірістік және жөндеу базасын дамыту, почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін құру, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Автомобиль жолдары саласында Қазақстан Республикасының автомобиль жолы саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске а с ы р у ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Халықаралық тасымалдарды қамтамасыз ететін, халықаралық көлік желісіне ықпалдасуға жәрдемдесетін бағыттар басым дамытылады, республиканың автомобиль жолдары желісін жаңғырту және дамыту, сервис объектілерін ұйымдастыру жөніндегі ж ұ м ы с ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

2003 жылы "Алматы-Астана" автомобиль жолын қалпына келтіруді, "Астана-Бурабай" автомобиль жолын қайта жаңартуды аяқтау, Сырдария өзені арқылы өтетін көпір өткелін салу жоспарланып отыр, Батыс Қазақстанның жолдарын және "Алматы-Бішкек", "Қызылорда-Жезқазған", "Үшарал-Достық" автомобиль жолдарын қалпына келтіру жөніндегі ірі жобаларды іске асыру басталды, "Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан Республикасының шекарасы" автожолын қайта жаңарту

және "Риддер-Ресей Федерациясының шекарасы" жолын салу жалғастырылады.

"Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан Республикасының шекарасы" учаскесін қоса алғанда, "Алматы-Астана-Петропавл", "Ақтау-Атырау" халықаралық дәліздерін, "Омбы-Майқапшағай", "Самара-Шымкент", "Астана-Қостанай-Челябинск" дәліздерінің неғұрлым бүлінген учаскелерін қалпына келтіру, авариялық көпірлер мен жол өткелдерін жөндеуді жүргізу көздеуде.

2006 жылдан бастап автомобиль жолдарын күрделі, орташа, ағымдағы жөндеуді қаржыландыру көлемі бекітілген нормативтерге сәйкес деңгейге дейін жеткізу жоспарлануда.

Алдағы кезеңде саланың ірі жобаларын белгіленген мерзімдерде іске асыруды қамтамасыз ету үшін инженерлік-консультациялық ұйымдарды тартуды практикаға енгізу көзделіп отыр.

Барлық халықаралық дәліздердің автомобиль жолдарын басқарудың желілік-магистральдық қағидатына көшу күтілуде, бұл қызмет көрсетуді және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын неғұрлым тиімді бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның климат жағдайларын ескере отырып, автомобиль жолдарын салу мен ұстаудың халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі жұмысты жүргізу жоспарлануда.

Автомобиль көлігі саласында жоспарланған кезеңде Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы қолданыстағы және отандық тасымалдаушы үшін мүдделі халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қосылуы жөніндегі рәсімдерді аяқтау көзделген.

Автокөлік құралдарына, қозғалыс қауіпсіздігіне, автомобиль көлігі қызметкерлердің еңбегі мен қоршаған ортаны қорғауға қойылатын техникалық талаптар саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Темір жол көлігі саласында темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасының екінші кезеңін іске асыру көзделуде.

2003-2006 жылдары жұмыс істеп тұрған темір жол көлігінің инфрақұрылымын жаңғырту мен дамыту және мемлекеттің транзиттік дәліздерін одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады. 2003 жылы "Алматы-Астана" желісі бойынша жолаушылар поездарының жылдам қозғалысы ұйымдастырылатын болады. 2004 жылы, негізінен, "Хромтау-Алтынсарин" жаңа темір жол желісін салу аяқталады және поездардың жұмыс қозғалысы ашылатын болады.

2003-2006 жылдары "Екібастұз-Павлодар" темір жол учаскесін электрлендіру көзделіп отыр, қазіргі заманғы жол техникасын қолдана отырып "Астана-Алматы", "Ақтоғай-Саяқ-Мойынты", "Бейнеу-Маңғышлақ" учаскелерінің қазіргі инфрақұрылымын жаңғырту мен дамыту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

2004-2006 жылдары жылжымалы құрамды қалпына келтіру мен жаңарту, зауытта жөндеудің отандық базасын, жылжымалы құрамды кейіннен қалпына келтіру мен жаңарту үшін локомотив пен вагон жасау және импорт алмастыратын өндірістердің отандық базасын құру жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады.

Тасымалдаудың қазіргі заманғы технологиясына көшу мақсатында темір жолдарды қайта техникалық жарақтандыру, басқарудың үдемелі ақпараттық жүйелерін енгізу, ресурс өндейтін жаңа технологияларды дамыту жалғастырылады. Автоматтандырылған ақпараттық желілерді халықаралық ақпараттық көлік желісіне кіріктіре отырып, оларды одан әрі дамыту көзделеді.

Азаматтық авиация саласында Азаматтық авиацияны дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғастырылады, оның шеңберінде Қазақстан Республикасы Әуе кодексінің жобасы әзірленетін болады.

Авиатасымалдаушыларға көтеріңкі талаптар қойылады, авиация қауіпсіздігі мен ұшулардың қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау қатайтылады, саланың нормативтік базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

2004-2003 жылдары халықаралық әуежайларды халықаралық инфрақұрылым стандарттарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады, Астана қаласы халықаралық әуежайының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Әуе қозғалысын басқару мен бақылау жөніндегі негізгі өндірістік қуаттар одан әрі дамытылады.

Қызметтер көрсету саласын кеңейту және жаңа рыноктарды игеру үшін мемлекеттік лизинг жүйесі негізінде ұшақ паркін жаңарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру көзделеді.

Су көлігі саласында 2003 жылы "Ішкі су көлігі туралы" Заңның жобасы әзірленетін болады.

Елдің теңіз сыртқы сауда жүк тасымалдарына қажеттілігін қамтамасыз ететін ұлттық теңіз сауда флотын құру, Ақтау теңіз портының инфрақұрылымын дамыту және тиімділігін арттыру көзделуде.

2004 жылы Ертісте толассыз кеме жүрісін ашуға және жүктерді өзен көлігімен тасымалдаудың көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін Үлбі кеме жүретін шлюз құрылысы аяқталады.

2004-2006 жылдары мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту мен жаңғырту және Жайық-Каспий арнасын қайта жаңарту жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады, бұл "өзен-теңіз" үлгісіндегі кемелердің Атырау портына кіруі үшін жағдай жасауға және Атырау мен Каспий теңізі бассейні порттары арасындағы жаңа жүк бағыттарын ашуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі су жолдарында кеме жүру қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аэроғарыш қызметі саласында 2004 жылы "Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметі туралы" Заңның жобасы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ғарыш кеңістік зерттеу және

пайдалану жөніндегі 2000-2005 жылдарға арналған бірлескен жұмыстарының бағдарламасына сәйкес бірқатар іс-шараларды іске асыру ұйғарылады.

Қоршаған кеңістікті жүйелі зерттеуге байланысты салалардағы табиғи ресурстарды тиімді зерттеу мақсатында, ғылым мен шаруашылық қызмет мүддесінде ғарыштан қашықтықтан зондтау саласындағы жетістіктер пайдаланылатын болады.

Ақпараттандыру мен байланыс саласында Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту мемлекеттік бағдарламасын, телекоммуникациялар саласын дамыту, почта саласын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламаларын іске асыру жалғасады.

2004-2006 жылдары кезең-кезеңімен ырықтандыру жоспарланып отыр, оның негізгі мақсаты бәсекелестікті дамыту және операторлар санын өсіру мен оның салдарынан халықаралық және қалааралық байланысқа арналған тарифтерді төмендету, аса жаңа қызметтерді дамыту және ұсынылатын қызметтер көрсетудің сапасын арттыру болып табылады; 2005 жылдың аяғында Ұлттық ақпараттық супермагистральдің, телекоммуникациялық трафиктің ішкі және сыртқы транзитіне қажеттілікті қамтамасыз ететін талшықтық-оптикалық байланыс желісінің құрылысы аяқталады. 200 адамнан астам халқы бар селоларға және ауылдарға телефон орнатуды жүзеге асыру, жергілікті байланыс желілерін цифрландыру деңгейін 60%-ға дейін жеткізу, жергілікті телефонға қосулардың құнын уақыт бойынша есепке алуды енгізу жоспарланып отыр.

2005 жылы мемлекеттік органдардың Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін құру жоспарланып отыр.

Транзиттік әлеуетті дамыту

Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздеріне, әсіресе, " Солтүстік-Оңтүстік" және "ТРАСЕКА" дәліздеріне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету және оның рөлін күшейту жөніндегі жұмыс жалғасады.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Транзиттік-көлік әлеуетін дамытудың орта мерзімді бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс аяқталады.

2004 жылы "Тікелей аралас жүк тасымалдары туралы" Заңның жобасы әзірленетін болады.

Трансазия темір жол магистралінің Солтүстік дәлізі бойынша тұрақты контейнер поезының және "Алматы-Тегеран-Стамбул" жолаушылар поезының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

7 . Сауда саясаты

7.1 . Сыртқы сауда

Қазақстанның экономикасы ашықтықтың жоғары деңгейіне қол жеткізді, бұл, біріншіден, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу деңгейімен, екіншіден, сыртқы экономикалық қызметті кеңінен ырықтандыруымен айқындалды. Қазақстанда байқалып отырған экономикалық даму соңғы жылдары сыртқы сауда көлемінің бір у а қ ы т т а ұ л ғ а ю ы н а ә к е л д і .

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің 177 елімен экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асырады. 60-тан астам елмен сауда-экономикалық келісімдер жасалды, олардың көпшілігімен сауда неғұрлым қолайлылық режимі негізінде жүзеге асырылады. ТМД елдерімен еркін сауда режимі орнатылды, ал Ресеймен, Беларусьпен және Украинамен Бірыңғай экономикалық кеңістікті (БЭК) қалыптастыру жөнінде жұмыс басталды. Еуропалық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағын құру және Ортақ кеден тарифін қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылуда.

Үкімет Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процесін жандандырды.

Сонымен бірге, Қазақстан экспортының шикізатқа бағытталуына, жекелеген сауда әріптестері тарапынан кедергілерге, өнеркәсіптің өңдеуші салалары өнімінің төмен үлесіне, тауарлар экспортын жылжыту мен көтермелеу жүйесінің болмауына және сыртқы сауда әлеуеті бар кәсіпорындардағы менеджменттің нашарлығына байланысты проблемалар сол күйінде қалып отыр.

М а қ с а т т а р ы

Сыртқы сауда режимін ұрықтандыруды қамтамасыз ету, өзара саудадағы кедергілерді алу, қазақстандық экспорттаушылардың шетелдік рыноктарға енуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі процесін аяқтау.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қазақстан тауарларын сыртқы рыноктарға жылжыту процесін жандандыру мақсатында кеден-тариф саясаты қосылған құны жоғары тауарлардың өндірісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталатын болады.

Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация экспорттық кредиттерді сақтандыру, ықтимал өткізу рыноктар зерделеу және экспортты жылжыту жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу мәселелерін шешетін б о л а д ы .

Өңірлік ықпалдасу бірлестіктері (ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ОАЫ және басқалары) шеңберінде қолда бар құралдарды одан әрі дамыту және тиімді пайдалану жөніндегі ж ұ м ы с ж а л ғ а с а д ы .

Сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі ырықтандыру мақсатында БЭК-тің міндеттерін кезең-кезеңімен іске асыру басым бағыттардың бірі болмақ. БЭК-ті қалыптастыру мақсаттарына қол жеткізу қатысушы мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру және БЭК шеңберінде тауарлар, қызметтер көрсету, капитал мен жұмыс күші рыноктарына енуі режимдерін ырықтандыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Ресей Федерациясымен сауда-экономикалық ынтымақтастық сыртқы экономикалық саясатта аса маңызды басымдық болып қалады. Қазақстанның Ресейдегі жылы (2003 жыл) және Ресейдің Қазақстандағы жылы (2004 жыл) шеңберінде өзара саудадағы кедергілерді жою, өзара сауда көлемін ұлғайту және экономиканың әртүрлі салаларында бірлескен жобаларды жасау мен іске асыруды жандандыру жоспарланып

о т ы р .

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі процесін қарқынды жүргізу мақсатында тұрақты негізде Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен екі жақты және көп жақты келіссөздер; ЕурАзЭҚ-қа мүше елдермен келіссөз процесін үйлесімді ету жөнінде консультациялар жүргізу; отандық бизнес өкілдерімен Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі шарттарын талқылау жөнінде кездесулер, конференциялар өткізу; Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің салдарларын бағалау жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Отандық кәсіпорындар өндіретін тауарлардың экспортын ынталандыру, оның ішінде экспортты дамыту жөніндегі өңірлік қызметтерді құру, сауда көрмелері, өңірлердің экспорттық әлеуеті және т.б. туралы жарнамалық-ақпараттық жұмыстар жүргізу бойынша қолайлы жағдайлар жасалады; экспорттық бақылаудың қолданыстағы автоматтандырылған жүйесі жетілдірілетін болады.

7 . 2 . І ш к і с а у д а

Қазақстан экономикасының серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі ішкі сауда болып табылады. Ішкі сауда саласында жоғары кәсіпкерлік белсенділік қалыптасты, сауда саласында сапаға талаптар артты, рыноктардағы сауда ережесін жетілдіру, көтерме сауданың қазіргі заманғы жүйесін құруды ынталандыру жөніндегі шаралар күшейтілді. Жергілікті атқарушы органдар коммуналдық сауда рыноктарын құру жөніндегі жұмысты бастады.

Сонымен бірге, республикадағы сауда қызметін реттейтін заңнамалық акт жоқ. Рынокта сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесі жетілдіруді талап етеді.

М а қ с а т т а р ы

Сатып алушыларға жоғары сапалы қызмет көрсететін дамыған сауда инфрақұрылым құру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Сауданың тиімді нысандарын құру, заң шығару жүйесін дамыту және сауда қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында сауда қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Аса маңызды тұтыну тауарларына бағалардың және сатылатын тауарлар мен қызметтер көрсетулердің түр-түрі жай-күйінің мониторингі негізінде сауда рыноктары арасындағы бәсекелестікті дамыту, жергілікті атқарушы органдардың сауда инфрақұрылымы мен өңіраралық (облысаралық) байланыстарды дамытуда рөлін арттыру жолымен бұл тауарларға бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Сатып алушыларға қолма-қол емес нысанда қызмет көрсету жүйесін дамыту, электрондық коммерцияны енгізу және дамыту жөніндегі тетіктерді жасау, сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар

а у д а р ы л а т ы н

б о л а д ы .

Тұтыну рыногында сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтіледі. Отандық тауар өндірушілердің өнімін өткізуді жақсарту мақсатында көтерме сауданың қазіргі заманғы жүйесін құру ынталандырылады.

8. Әлеуметтік саясат

8.1. Білім беру

Білім беру адам дамуы индексінің түйінді құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін халыққа білім беру деңгейін арттыру өте маңызды.

"Білім туралы" Заң, "Білім" мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. "Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы", "Отбасылық үлгідегі балалар қалашықтары мен жасөспірімдер үйлері туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдар, ауыл мектебі проблемаларын шешу үшін "Ауыл мектебі" салалық бағдарламасы қабылданды. Білім берудің мазмұнын жетілдіру мақсатында білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттарын, жаңа буын оқулықтарын және оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу мен енгізу жүргізілуде.

Сонымен бірге, әсіресе ауылдық жерлердегі білім беру қызметтеріне қол жеткізу мен олардың сапасы проблемалары сақталуда, бұл білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нашарлығының, білікті кадрлар жетіспеуінің салдары болып табылады. Мемлекеттік тілде оқытудың сапасын жақсарту талап етілуде.

М а қ с а т т а р ы

Әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілген және әлемдік еңбек рыногында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық білім кеңістігіне одан әрі кіріктіру мақсатында:

2003 жылдың аяғына дейін Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленеді;

2003-2004 жылдары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Білім" мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Білім беру сапасын арттыру мақсатында:

2003-2005 жылдары білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі әзірленеді және енгізіледі;

барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының стандарттар жүйесін енгізу жолымен білім беру процесін сапалы басқарудың нормалары енгізіледі;

барлық деңгейдегі жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары

жетілдіріледі.

Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру мақсатында:

білім беру жүйесін ақпараттандыру, еңбек рыногында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандарды оқытудың әрі даярлаудың жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларын оқу процесіне енгізу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

2004 жылға қарай кәсіби кадрларды даярлауды жетілдіру мақсатында білікті кадрларды даярлау және республика экономикасы салаларын олармен қамтамасыз ету қажеттілігі мониторингінің, оларды болжаудың және реттеудің мемлекеттік тетігі әзірленеді.

Барлық білім беру деңгейлері үшін отандық оқулықтарды кезең-кезеңімен әзірлеу және енгізу жалғасатын болады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу саласында:

мектепке дейінгі ұйымдар желісін сақтау әрі кеңейту, балаларды мектеп алдында даярлауды одан әрі дамыту;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық, оқу-әдістемелер және кадрлық әлеуетін нығайту жөнінде шаралар қабылданады.

Жалпы орта білім беру саласында:

2003-2005 жылдары мектептің әрбір сатысын (4, 9, 11-сыныптар) аяқталғаннан кейін оқушылардың білімін тәуелсіз бағалау әзірленеді және кезең-кезеңімен енгізіледі;

Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ауылдық, соның ішінде шағын жинақталған мектептер, интернат мекемелерінің, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнаулы түзету ұйымдарының теңдестірілген желісі одан әрі дамытылады, олардың оқу-материалдық базасы нығайтылады, мұғалім кадрлары әлеуметтік қорғау әрі ауылда орнықтыру үшін шаралар қабылданады.

2003-2006 жылдары ауылдық жерлерде мектептер салу жөніндегі инвестициялық жобалар іске асырылады.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында:

Халықтың барлық жіктері үшін кәсіби білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бастауыш кәсіптік білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативі әзірленеді.

Жоғары кәсіптік білім беру саласында:

2003-2006 жылдары экономика салалары мен өңірлердің қажеттіліктеріне сәйкес жоғары оқу орындарының желісі мен құрылымы ретке келтіріледі, таңдаулы университеттер құру жөнінде ұсыныстар енгізіледі; жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде бірыңғай ұлттық тестілеу жүргізу енгізіледі;

білім беру ұйымдарын лицензиялаудың, аттестаттау мен мемлекеттік аккредиттеудің нормативтік құқықтық базасы мен технологиясы жетілдіріледі;

жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлауда, оқытушылардың біліктілігін арттыруда әрі қайта даярлауда, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде халықаралық ынтымақтастық кеңейтіледі.

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мақсатында:

инновациялық қызметті дамыту үшін қажетті мамандықтар бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылатын болады;

жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, инвестициялық-инновациялық қызметті жетілдіру үшін республиканың жетекші жоғары оқу орындарында инновациялық орталықтар құрылатын болады.

8.2. Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтау саласы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесін жоспарлы түрде нығайтумен, халықтың ауруы мен өлімі, оның ішінде туберкулез сияқты әлеуметтік мәні бар ауру бойынша көрсеткіштердің тұрақтандырылуымен сипатталады.

2002 жылға қарай республиканың ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету желісі қалпына келтірілді. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты, дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау күшейтілді.

Сонымен қатар, халыққа, бірінші кезекте ауыл халқына көрсетілетін медициналық көмектің уақтылылығы мен сапасы проблемалары сақталуда, бұл денсаулық сақтау ұйымдарының нашар материалдық-техникалық базасына, білікті мамандардың жетіспеуіне байланысты орын алып отыр.

Отандық фармацевтикалық өнімдердің бәсеке қабілеттілігі төмен күйінде қалып отыр. Санитарлық-эпидемиологиялық және фармакологиялық бақылау шараларының тиімділігін одан әрі арттыру талап етіледі.

Мақсаттары

Медициналық көмектің сапасы мен қол жетімділігін арттыру арқылы халықтың денсаулығын жақсарту.

Шешу жолдары

Кепілдік берілген тегін медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың тапшылығын жабу үшін 2003-2005 жылдары 40 млрд. теңге мөлшерінде қосымша бюджеттік қаржы бөлу көзделеді. 2005 жылдан бастап міндетті медициналық сақтандыруды енгізу, ал одан әрі медициналық қызметтер көрсету және ерікті медициналық сақтандыру саласында бәсекелестік ортаны дамыту үшін жағдайлар жасау ұйғарылып отыр.

2003-2005 жылдары ауылдық денсаулық сақтауда перзентханалар, туберкулезге қарсы және орталық аудандық ауруханалар салу жөніндегі республикалық инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді, сондай-ақ республиканың бірқатар перспективалы және орнықты аудандарында ұтқыр телемедицина құру мүмкіндігі

қ а р а с т ы р ы л а т ы н

б о л а д ы .

Ана мен бала денсаулығын қорғау қызметін жетілдіру, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмысы жалғаса береді. 2003 жылы туберкулезге қарсы күресті күшейту жөніндегі салалық бағдарлама әзірленетін болады.

2004 жылы аурулар диагностикасы мен оларды емдеу хаттамаларын және стандарттарын енгізу, олардың негізінде медициналық көмектің сапасы мен уақтылылығын жетілдіру көзделеді. 2005 жылдан бастап дәрілік заттарды өндіру мен олардың айналымы кезінде халықаралық сапа стандарттарын кезең-кезеңмен енгізу
ұ й ғ а р ы л ы п
о т ы р .

Денсаулық сақтаудың неғұрлым проблемалы бағыттары бойынша (нейрохирургия, кардиохирургия, онкология және т.б.) аурулар диагностикасы мен оларды емдеуде инновациялық технологиялар дамытылады және практикалық денсаулық сақтауға е н г і з і л е д і .

2003 жылы медицина қызметкерлерін даярлау жүйесін тиісінше реформалай отырып, көп деңгейлі медициналық білім берудің жаңа стандарттары енгізілетін
б о л а д ы .

Халықтың вакцинамен басқарылатын инфекциялармен ауруын төмендету жөніндегі жұмыс одан әрі жалғастырылатын болады, 2005 жылға қарай қызылшаны түбегейлі ж о ю м і н д е т і қ о й ы л а д ы .

Республика аумағына карантиндік және аса қауіпті инфекцияларды, сапасыз әрі халық денсаулығы үшін ықтимал қауіпті радиациялық уланған өнімдерді әкелу мен таратуды болдырмау мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық бақылау күшейтілетін болады.

8.3. Жұмыспен қамту және еңбек

Соңғы жылдары экономикадағы жүйелі шаралар жұмыспен қамтудың ұлғайюымен және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуімен қатар жүрді. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары жаңа жұмыс орындарын құру, жұмысқа орналастыру, шағын кредит беру, жұмыссыздарды қайта оқыту, қоғамдық жұмыстарды дамыту жолымен бірте-бірте белсенді сипат алуда. Еңбек рыногының мониторингі жүзеге асырылуда.

Еңбек заңнамасы жетілдірілуде. Еңбекақы төлеу саласындағы ахуал тұрақтандырылуда. Ең төменгі және орташа жалақының өсуі байқалуда. Бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын реттеу үшін бірыңғай тұжырымдамалық негіз ж а с а л д ы .

Сонымен бірге, бұл салада жасырын жұмыссыздық, заңсыз еңбек көші-қоны проблемалары орын алуда. Оқу орындарында мамандар даярлау, жұмыссыздарды оқыту мен қайта оқыту нақты экономиканың сұранысынан қалыс қалып отыр. Жұмысқа орналаспаған азаматтардың кәсіби біліктілігінің төмендігі еңбек рыногының қажеттіліктеріне с ай к е л м е у д е .

Кәсіпорындардағы еңбекті қорғау тиісті деңгейге қойылған, нәтижесінде өндірісте

зардап шегушілер саны едәуір күйінде қалып отыр. Экономиканың жекелеген салаларындағы жалақы деңгейі төмен күйінде қалуда.

М а қ с а т т а р ы

Жұмыспен қамту саласында елдің экономикалық даму қарқынына сай белсенді саясат жүргізу. Жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек рыногының қажеттіліктеріне сай жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау сапасын жақсарту, еңбек қатынастарын одан әрі заңдастыру, еңбек қауіпсіздігін арттыру, өнеркәсіптік өндірістің инновациялық даму проблемаларына барабар ден қоя алатын жоғары білікті кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Жұмыссыздықтың өсуінің алдын алу, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және өнеркәсіптік өндірістің, аграрлық сектордың инновациялық дамуына жоғары білікті кадрлардың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылы жұмыспен қамтудың кешенді бағдарламасы әзірленеді.

2006 жылға дейінгі кезеңде елдің еңбек ресурстарының кәсіби даярлығы жүйесін сапалы жетілдіру, тиімді пайдалану; ішкі еңбек рыногын қорғау және еңбек көші-қоны ағынын реттеу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау, жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында 2005 жылы Еңбек кодексі, 2004 жылы Еңбек қауіпсіздігін және оны қорғауды қамтамасыз ету бағдарламасы, еңбек қауіпсіздігін және оны қорғау жөніндегі салалық нормативтік құқықтық актілер қабылданады, еңбек заңнамасы жетілдіріледі.

Жұмыс күшінің сапалық әлеуетін арттыру үшін негіз ретінде жалақыны өсіруге бағытталған саясат жалғастырылады, бюджеттік сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі жетілдіріледі.

Жұмыс берушілер мен қызметкерлердің республикалық бірлестіктері, басқа да қоғамдық ұйымдар өкілдерінің жұмыспен қамту саласындағы еңбек қатынастарын реттеуге мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыруға қатысуы жалғастырылады.

8.4. Халықты әлеуметтік қорғау

Қазақстандықтардың соңғы жылдардағы тұрмыс сапасы экономикалық өсудің оң әсерін көрсетеді.

Зейнетақымен қамтамасыз ету саласында ең төменгі және орташа зейнетақы мөлшерлерінің өскені байқалады. Зейнеткерлердің еңбек үлесіне қарай зейнетақыларды саралап арттыру аяқталды. 2003 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы арттыру бір миллионнан астам зейнеткерге қатысты болды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі дамуда. Міндетті зейнетақы жарналарын жинап алуды бақылауды қатайту мен жетілдіру жөнінде шаралар қабылдануда. Зейнеткерлер туралы деректердің орталықтандырылған банкі құрылды және зейнеткерлік істердің электронды мұрағатын құру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Халықты әлеуметтік қорғау атаулы сипат алуда. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың автоматтандырылған жүйесі әзірленді әрі енгізілді және аз қамтылған отбасылар жөніндегі дерекқор құрылды. Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама қабылданды.

Мүгедектерді оңалту мен қоғамға кіріктіру жөнінде нысаналы жұмыс жүргізілуде.

2005 жылдан бастап еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айрылған және жұмыстан айырылған жағдайда туындайтын әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу үшін заңнамалық база дайындалды.

Дегенмен, қазіргі орын алып отырған халықтың бір бөлігінің тұрмыс деңгейінің төмендігі, әлеуметтік төлемдер мен жалақы мөлшердегі алшақтық проблемалары таяу жылдары шешуді талап етеді.

М а қ с а т т а р ы

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауды қамтамасыз ететін халықты әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру, азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

2004-2006 жылдары әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік қызмет көрсету нормативтері әзірленіп, кезең-кезеңімен енгізіледі.

Үкімет азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, орта жалпы білім беруге және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту, әлеуметтік көмектің атаулылығын арттыру және басқа да шараларды іске асыру жолымен осы проблеманы шешуге кешенді көзқарасты көздейтін Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

Алдағы кезеңде міндетті және ерікті аударымдар есебінен ортақ зейнетақыдан, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақыларынан тұратын зейнетақы жүйесін жетілдіру жалғастырылады.

2004-2005 жылдары мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық база жетілдірілетін болады, мүгедектер бойынша деректер банкі құрылады. Медициналық-әлеуметтік сараптама мен протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру жөніндегі отандық индустрия одан әрі дамытылады.

2005 жылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры құрылады. 2005 жылдан бастап әлеуметтік сақтандыруды енгізу ең төменгі мемлекетті кепілдіктерді, міндетті және ерікті сақтандыруды қамтитын мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі жүйесін құруға әкеледі.

Сонымен қатар, халықтың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетудің қосымша нысандары дамытылады. Осылайша, кедейлікті еңсеру және әлеуметтік-демографиялық ахуалды жақсарту үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында 2005 жылдан бастап бір жасқа дейінгі балаға күтім көрсету жөніндегі

жәрдемақылар енгізуді, ал перспективада отбасының табысына қарай балалар жәрдемақыларын төлеуді қоса алғанда, кезең-кезеңімен балаларды қорғаудың тұтас жүйесін жасау көзделіп отыр.

8 . 5 . М ә д е н и е т

Мәдениетті қолдау жылы қол жеткізілген оң үрдістер одан әрі дамытылуда. 250-ден астам жаңа мәдениет және өнер мекемелері ашылды, кітапханалардың кітап қоры ұлғайтылды. Ондаған жаңа кәсіптік және көркемөнерпаздар ұжымдары құрылды. Тарихи-мәдени мұраны сақтау аса маңызды басымдық болып белгіленді. Қазақстан үшін ерекше тарихи құндылығы бар құжаттарды шетелдік мұрағаттар мен ғылыми мекемелерден іздеу және қайтару жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

Масс-медиа саласын серпінді дамыту жалғастырылуда.

Мемлекеттік тілді үйрену мен оны қолдануда қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар белсенді қолданылады.

Сонымен қатар халықтың, ең алдымен, ауылдық жерлерде мәдени қызметтерге шектеулі қол жетімділігі проблемалары сол күйінде қалып отыр, бірқатар салалар секторларында материалдық-техникалық база нашар. Шығармашылық кадрларын даярлаудың біртұтас жүйесі жоқ, халықты мемлекеттік теле- және радиобағдарламалармен қамту толық емес күйінде қалып отыр.

М а қ с а т т а р ы

Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске асыру, тарихи-мәдени мұраны, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды, әсіресе ауылда, сақтау және дамыту, кәсіби өнерді және халық шағырмашылығын дамыту жағдайларын қамтамасыз ету.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Бірінші кезекті шаралар ретінде 2003-2004 жылдары мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының мәселелері бойынша заң жобаларының пакеті әзірленетін болады. Театрлардың, мұражайлардың, кітапханалардың, мемлекеттік мұрағаттардың желісін кеңейту және материалдық-техникалық базасын жаңғырту жөнінде шаралар қабылданады. 2003 жылы халықтың мәдени мұрасын зерделеудің тұтас жүйесін жасау, бірқатар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту және дүниежүзілік гуманитарлық білімнің толыққанды қорын мемлекеттік тілде басып шығару үшін арнайы орта мерзімді "Мәдени мұра" бағдарламасы қабылданатын болады.

Астана қаласының мәдени орталығын қалыптастыру үшін Ұлттық кітапхана, Мемлекеттік цирк, Мемлекеттік археология және этнография мұражайын, Ұлттық мұрағат, қазіргі заманғы телерадиокешен салу көзделіп отыр.

Телерадиохабарлар дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданатын болады, оның шеңберінде халықты мемлекеттік теледидар және радиобағдарламалармен барынша қамтуды қамтамасыз ету, аймақтық телерадиохабарлар дамыту жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді, әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін басып шығаруды жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Этносаралық қатынастарды одан әрі үйлестіру, тілдердің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мемлекеттік ұлттық саясаттың басым бағыттары болып қала береді. 2003-2004 жылдары қазақ тілінің терминологиялық базасын дамытудың және ономастикалық жұмыстың тұжырымдамалық негіздері әзірленеді, оларды іске асыру жөніндегі жүйелік шаралар қабылданды. Шетелдегі қазақ диаспорасының мәдени, рухани және тілдік қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында 2003 жылы Отандастарды қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және оны кейінгі жылдары кезең-кезеңмен іске асыру қамтамасыз етілетін болады.

Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жастар әлеуетін ашып көрсету, олардың әлеуметтік мәні бар бастамаларын қолдау үшін жағдайлар жасауға бағытталатын болады.

8.6. Спорт және туризм

Елде дене шынықтырумен және спортпен айналысатындар саны өсуінің, өткізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар саны өсуінің тұрақты үрдісі байқалуда, бұл "Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын" іске асыру нәтижесі болып т а б ы л д ы .

Алайда, республикадағы дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасының жай-күйі бүгінгі таңда халықтың дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігін қанағаттандырмайды. Кәсіпорындарда, тұрғылықты жерлер бойынша және жаппай демалыс орындарында дене шынықтыру мамандары жетіспейді, спорт ғимараттарының жетіспеуі өткір сезілуде.

Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін Республикалық олимпиадалық даярлық базасының, ғылыми негізде әзірленген спортшының ағзасын дайындау, қалпына келтіру және оңалту жүйесінің болмауы жоғары санатты спортшылар даярлауды тежеп о т ы р .

Туризм саласындағы ағымдағы ахуал тұтастай алғанда елге келуші туристер ағынының және ішкі туризмнің көлемін арттырудың оң үрдістерімен, туристік рыноктың дамуын мемлекеттік реттеу жүйесін жасаумен сипатталады.

М а қ с а т т а р ы

Салауатты өмір салты қағидаттарын дене шынықтыру және спорт құралдарымен о д а н ә р і о р н ы қ т ы р у .

Туристік саланы экономиканың табыс әкелетін саласына айналдыру, туризмнің жоғары рентабельді индустриясын құру, туристік қызметтердің халықаралық рыногына бәсекеге қабілетті ұлттық туристік өнімдерді жылжыту және сату.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-

2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде одан әрі
ж ұ м ы с ж ү р г і з у .

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері желісін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету
ж о с п а р л а н у д а .

Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын, "Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын құру" Мемлекеттік бағдарламасын, әртүрлі шетелдік мемлекеттермен туризм саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдерді іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Туристік салада шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, туризм мен қызмет көрсету саласында халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету; шетелдік туристердің келуін және оларды тіркеу рәсімдерін одан әрі оңайлату жөніндегі жұмысты жүзеге асыру көзделіп отыр.

Дүниежүзілік туристік ұйыммен ынтымақтастықты кеңейту Қазақстанның осы ұйым өткізетін іс-шараларға, туристік қызметтердің әлемдік рыногына ұлттық туристік өнімдерді жылжыту мақсатында халықаралық туристік жәрмеңкелерге және шет елдердегі көрмелерге қатысуын қамтамасыз етеді.

8.7. Демография және көші-қон

Экономикалық дамудың тұрақтылығы және соңғы жылдары азаматтардың әл-ауқатының жақсаруы елдегі демографиялық және көші-қон ахуалының тұрақтануына ықпал етті.

Отбасының, әйел мен баланың құқықтарын және мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру жөнінде нысаналы жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасында әйелдер жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда. 2003 жылдан бастап туған балаға біржолғы ақшалай жәрдемақы төлеу басталды.

Сонымен бір мезгілде сәбилер мен ана өлімі соңғы уақытта төмендеуге үрдіс алғанымен, жеткілікті жоғары күйде қалып отыр.

Адамдардың заңсыз көші-қоны және трафик проблемалары сақталып отыр.

Мақсаттары

Демографиялық және көші-қон процестеріндегі келеңсіз үрдістерді төмендетуге бағытталған саясатты жүргізу, бірінші кезекте отбасы мен ананы қолдаудың нақты тетіктерін жасау, гендерлік теңдікке қол жеткізу жолымен ел халқының санын көбейту үшін негіз жасау.

Шешу жолдары

Елдегі демографиялық және көші-қон ахуалын тұрақтандыру мен жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі демографиялық және көші-қон саясаты бағдарламасы әзірленуде.

2003 жылы Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтарын және міндеттерін анықтайтын Гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданатын болады.

Ана мен сәби өлімін азайту мақсатында ана мен баланы материалдық қолдау жөнінде шаралар кешені қабылданатын болады.

Әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау мақсатында жүкті және бала емізетін әйелдердің тамақтануын жақсарту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Отбасы институтын, оны жоспарлау, денсаулығын қорғау қағидаттарын қолдауға қоғамдық пікірді қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Үкімет оралмандарды көшірудің негізделген квотасын белгілеу жолымен олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Ауылдық аумақтардың халқын ұтымды орналастыру моделі және болашағы жоқ өңірлерден дамып келе жатқан аумақтарға, аудан орталықтарына және шағын қалаларға ішкі көші-қонды ынталандыру жөнінде шаралар әзірленеді.

Жетім балаларға арналған дәстүрлі көп орынды балалар үйлерін отбасылық үлгідегі балалар үйлері етіп одан әрі қайта құру жөніндегі жұмыс жалғасады.

9. Мемлекеттік реттеу

9.1. Кәсіби Үкімет

Орталық атқарушы органдардың тиімді жұмыс істеуін арттыру үшін алғышарттар жасалды.

Мемлекеттік басқару органдарының қызметі қысқа, орташа және ұзақ мерзімді жоспарлау қағидаттарына негізделген. "Қазақстан-2030" Стратегиясында айқындалған басымдылықтар бойынша Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары әзірленді. Экономиканың басым бағыттары бойынша дамудың мемлекеттік және салалық бағдарламалары әзірленді. Орталық атқарушы органдардың ашықтығының неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу жөнінде қадамдар жасалды.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі енгізілді және жұмыс істейді. Қызметке қабылдаудың және қызмет бойынша жылжудың конкурстық-мансаптық негізіне көшу жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметтің заңнамалық базасы жетілдірілуде, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғау шаралары күшейтілді.

Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзушылықтарға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу тетіктері күшейтілді, мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия құрылды.

Сонымен бірге, мынадай проблемалар көкейтесті болып қалып отыр: мемлекеттік қызметшілер ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру, оларға еңбекақы төлеуді, әлеуметтік қамсыздандыруды жетілдіру және арттыру.

Қызмет көрсетулердің төмен сапасының маңызды көрсеткіші мемлекеттік

органдардағы сыбайлас жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың өсуі белгілі бір мөлшерде мемлекеттік қызметшілердің төмен еңбекақысымен байланысты.

Мемлекеттік қызметшілердің төмен еңбекақы проблемасы елдің экономикалық деңгейі өсуіне байланысты ерекше көкейтесті болды. Экономиканың дамуы білікті кадрлардың мемлекеттік қызметтен жеке секторға кетуіне ықпал етеді. Осы жағдайлар мемлекеттік қызметтің ықтимал бәсекеге қабілетсіз болуына мүмкіндік туғызады.

Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінің орасан зор маңызы бар. Мемлекеттік қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі толық к ө л е м д е ш е ш і л м е г е н .

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде әкімшілік жүргізуді және іс қағаздарын жүргізуді оңтайландыру әдістері жеткіліксіз пайдаланылады.

Жекелеген мемлекеттік және салалық бағдарламаларды тиімді іске асыру т а л а п т а р ғ а т о л ы қ с а й е м е с .

Мемлекеттік қызметтің кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесі, оның ішінде шетелде де, мемлекеттік басқару органдарының кадрларға нақты қажеттілігімен үйлеспейді.

М а қ с а т т а р ы

Мемлекеттік аппарат қызметін ұйымдастыруға жүйелі көзқарасты қалыптастыру, оның жұмысына икемділік пен тиімділік беру, ведомствоаралық өзара іс-қимыл мен үлестіруді күшейту, әкімшілік мемлекеттік қызметтің оң тәжірибесі мемлекеттік қызметтің өзге түрлеріне енгізу.

Мемлекеттік қызметтің қоғамдағы беделін арттыру, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдар жіктемесін және еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және енгізу, Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика ережесін сақтау жөніндегі тетікті іске асыру, әкімшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Ел Үкіметінің жұмысын ұйымдастыру тетігін қайта көздеу алдымызда тұр. Мемлекеттік басқару органдары қызметінің өлшемдері нақты бір басшының жеке басына тәуелділік емес, ал жалпы мемлекеттік саясат мақсаттарына сәйкес келуі, аппарат жұмысының тұрақтылығы, жолға қойылуы, жауапкершілік және тиімді н ә т и ж е л е р і б о л у ы т и і с .

Үкіметтің құрылымын жетілдіру процесі нақты анықталған, бірдей әрі теңдестірілген функциялары бар, қайталануды және бюрократтық сөзбұйдаға салуды болдырмайтын түпкі көрініс табуы тиіс.

Мемлекеттік басқару органдары аппаратының саны олар орындайтын мемлекеттік қызмет көрсетулердің саны мен сапасына қарай белгіленетін болады. Мемлекеттік аппараттың кадрлық құрамы біліктілік, құзыреттілік және тәжірибе деңгейіне

қойылатын жаңа біліктілік талаптары ескеріле отырып қалыптастырылатын, сондай-ақ тиісті материалдық-техникалық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілетін б о л а д ы .

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметі негізгі миссияны орындаудың тиімділігін арттыруға бағытталады және бірінші кезекте түпкі нәтижелерге бағдарланады .

Халық үшін мемлекеттік басқару органдарының қызметі ашық болуын қамтамасыз етуде ақпараттық технологиялар мүмкіндіктері пайдаланылады.

Мемлекеттік басқару органдары олардың құзыретіне енетін мәселелерді бірлесіп шешуде үйлестіріледі әрі өзара іс-қимыл жасауға жұмылдырылады.

Олардың қызметін регламенттеу жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметтерді ұсыну стандарттарын әзірлеу есебінен мемлекеттік басқару органдары жұмысының ашықтығы мен жұмыс бабындағы теріс пайдаланушылықтың алдын алуға қол жеткізіледі.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру және мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғауды нығайту көзделеді. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары көбейтіледі.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажыратудың жүргізіліп жатқан саясаты ескеріле отырып, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімі қайта қаралады .

Мемлекеттік қызмет кадрлары жай-күйінің мониторингін қамтамасыз ететін Кадрларды басқарудың ақпараттық жүйесі енгізіледі.

Үкімет мыналарды жүзеге асыруды көздейді:

құжаттарды келісу тәртібін оңайлату, мәжілістердің, әр түрлі жұмыс топтарының санын азайту және олардың жұмысының нәтижелілігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу есебінен құжат айналымын ретке келтіру әрі қысқарту;

барлық мемлекеттік органдарда, ұлттық компаниялар мен ірі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда орта мерзімді жоспарлаудың көп деңгейлі тұтас жүйесін қалыптастыру ;

әлеуметтік-экономикалық саясаттың түйінді мәселелері бойынша шешімдердің жобаларын мүдделі тараптардың кең тобымен (ірі кәсіпорындар, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар және т.б.) талқылауға шығару практикасын кеңейту;

Парламентпен сындарлы өзара іс-қимылды одан әрі нығайту;

Үкімет Регламентінің дәл сақталуына қол жеткізу, атқарушылық тәртіптің деңгейіне жауапкершілікті арттыру;

іске асырылатын мемлекеттік және салалық бағдарламалардың тиімділігін қамтамасыз ету ;

біліктілік талаптарын, еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, оларды құқықтық және әлеуметтік қорғауды күшейту, кәсіби даярлық сапасын жақсарту, біліктілікті арттыру

тетіктерін дамыту негізінде мемлекеттік қызметшілердің кадр құрамын нығайту;

Академияның қазіргі заманғы кешенінің құрылысын салуды қоса алғанда, Мемлекеттік қызмет академиясының оқу, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын нығайту;

қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдаланумен бірге, оның ішінде ҚА ЕБЖ ("электронды Үкімет") енгізуді жүзеге асыра отырып, Үкіметтің қызметін автоматтандыру тетіктерін енгізу;

мемлекеттік қызметтегі қызмет этикасын бұзғаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту.

9.2. Мемлекеттік басқару органдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындау ж ә н е а ж ы р а т у

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын қабылдаумен бірге мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде одан әрі жұмыс жүргізу үшін негіз ж а с а л д ы .

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобалары және Б ю д ж е т к о д е к с і д а й ы н д а л д ы .

Сонымен бірге, мемлекеттік функцияларды бөлу жүйесі және әрбір мемлекеттік басқару деңгейінің құзыреті тиісті заңнамалық актілерде түпкілікті түрде бекітілмегенін атап өткен жөн.

Жергілікті билік деңгейлерінің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде дербестігінің жеткіліксіздігі ауылдық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар) билік деңгейлерінде басқарудың нақты тетіктерінің болмауы проблемалық мәселелер болып қалып отыр.

М а қ с а т т а р ы

Мемлекеттік функцияларды іске асырудың тиімділігін арттыру және барлық мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функцияларды, өкілеттіктер мен жауапкершілікті оңтайлы бөлу есебінен халыққа қоғамдық қызмет көрсету.

Мемлекеттік басқарудың ауылдық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар) деңгейлерін институционалдық және функционалдық нығайту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Алдағы кезеңде Тұжырымдамада белгіленген бағыттар бойынша жұмыс ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

2003 жылдың ішінде қолданыстағы заңнамаға мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мақсатында тексеру жүргізу ұйғарылады.

2003 жылдың аяғына дейін "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның жобасы дайындалатын
б о л а д ы .

Орталықтың жекелеген функциялар мен өкілеттіктерді, сондай-ақ аумақтық даму мәселелерін шешудегі жауапкершілікті, ең алдымен, шаруашылық саласындағы, сондай-ақ шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау саласындағы функцияларды жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне беру процесін жалғастыру
ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Бұл ретте, заңнамада аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) басқару деңгейі өкілеттіктерінің өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелерін шешуде дербестігін кеңейтуге және нақты бекітуге баса назар аударылатын болады.

Әкімшілік-бюджет реформасының басым бағыты ауылдық округтер, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар, қалалардағы аудандар деңгейінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін ұйымдастыру, ең алдымен, оны институционалдық және функционалдық нығайту болады.

Осы мақсатта 2004 жылдан бастап ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ қалалардағы аудандар әкімдерінің аппараттарын оларға заңды тұлға мәртебесін бере отырып, қалыптастыруға кірісу көзделеді.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді ажырату жөніндегі жұмыс шеңберінде 2004 жылдан бастап ауылдық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар) басқару деңгейлеріне бекітілетін функциялардың тізбесі кеңейтілетін болады.

Сонымен бір мезгілде, әкімдердің дербестігін кеңейту үшін басқарудың осы деңгейі қаржыландыру тетігі жетілдіретін болады.

Мемлекеттік басқару секторын функционалдық талдау және басқару деңгейлері арасындағы мемлекеттік функцияларды оңтайлы бөлу бойынша одан әрі ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тұрақты негізге ауыстырылатын болады.

9.3. Мемлекеттік активтерді басқару

Соңғы жылдары бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер түсімдері, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері ұлғаюының тұрақты үрдісі байқалды.

2003 жылы мемлекеттік меншікті басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін көздейтін Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттырудың және жекешелендірудің 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы қ а б ы л д а н д ы .

Осы бағдарламаның шеңберінде мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының пакеті (қатысу үлесі) мемлекеттік меншіктегі акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметін, олардың жоспарлы көрсеткіштерді орындауын бақылау жөніндегі, әкімшілік шығыстарды оңтайландыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс күшейтілді.

Ұлттық компаниялар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін орта мерзімді даму жоспарларын әзірлеуде.

Сонымен бірге, мемлекеттік меншікті басқаруды талдау орталық мемлекеттік органдардың тарапынан мемлекеттік меншікті басқару жүйесін жетілдірудің қажеттілігін және жергілікті атқарушы органдар тарапынан басқару мен бақылаудың нашар ұйымдастырылуын көрсетті.

М а қ с а т т а р ы

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салалары кәсіпорындарын қызметін мемлекет тарапынан бақылауды күшейту, мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесін жетілдіру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

2003-2004 жылдары акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің, мемлекеттік кәсіпорындар таза табысы бір бөлігінің, мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалға беруден алынатын түсімдердің бюджетке уақтылы есептелуі мен толық аударылуын, бақылау тетігі жетілдірілетін болады.

Экономикалық жағынан негізделген дивиденд саясатын әзірлеу, әкімшілік шығыстарды қысқарту және инвестициялық бағдарламаларды іске асыру мақсатында акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке (оның ішінде ұлттық компанияларға) тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды басқару және олардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесін жетілдіру одан әрі жалғаса береді.

Корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттары енгізілетін болады.

2004 жылы мемлекеттік активтер мен міндеттемелердің теңгерімін жасау әдістемесі әзірленеді, ол бүкіл мемлекеттік мүлікті толық есепке алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экономикалық даму процестерін реттеу әрі болжаудағы мемлекеттің рөлін күшейту, 2003 жылдың аяғына дейін меншік мониторингі нәтижелерінің бірыңғай ақпараттық базасын жасау мақсатында "Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Заңды қабылдау жоспарлануда.

Таяу жылдары мемлекет жүйе құрайтын ірі компаниялар құру және оларды әлемдік рыноктарға шығару жолымен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларын дамытудағы өз рөлін күшейтеді.

2003-2005 жылдар ішінде коммуналдық меншік объектілерінің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау жүйесін жақсарту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

9.4. Баға және тариф саясаты Табиғи монополиялар саласында

Қазіргі уақытта орта мерзімді тарифтік реттеу қағидаттарын іске асыруға және жүргізілген инвестицияларды ескере отырып, айқындалатын нарықтық пайданы есептеуге мүмкіндік беретін тариф белгілеудің негізгі әдістемелері жасалды және

қ а б ы л д а н д ы .

Бүгінгі таңда көптеген табиғи монополиялар субъектілері үшін ағымдағы және күрделі жөндеуді ғана емес, сонымен қатар ауыстыруды, кейіннен әрі жаңғыртуды талап ететін негізгі қорлар тозуының жоғары деңгейі тән болып отыр.

Бұдан басқа, табиғи монополия субъектілері жай-күйін нақты бағалауды алуға кедергі болып отырған табиғи монополия субъектілерінің қызметіне тәуелсіз техникалық және қаржылық сараптама жасау жоқ екенін атап өту қажет.

Тұтынушылардың жекелеген топтары бойынша табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) негізсіз саралануы байқалуда.

М а қ с а т т а р ы

Негізгі қорларды көбейту процесін қалпына келтіру мақсатында табиғи монополиялар субъектілерінің инвестицияларды жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау және тұтынушылар үшін тарифтердің өзгеруінің болжамдығына қол жеткізу табиғи монополия саласын реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Республикалық маңызы бар барлық табиғи монополия субъектілерінің қызметіне техникалық және қаржылық сараптама жүргізу;

тарифтердің өсуі әлеуметтік қорғаудың баламалы шараларымен бірге жүретін б о л а д ы ;

табиғи монополия субъектілері қызметінің мониторингі мен оны талдау үшін а қ п а р а т т ы қ дерекқорды құру ;

реттелетін активтер базасына пайда ставкасын есептеу әдістемелерін әзірлеу және б е к і т у ;

орта мерзімді негізде республикалық тізілімге енгізілген табиғи монополия субъектілерінің барлық қызметтер көрсету түрлері бойынша тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) шекті деңгейін белгілеу;

тұтынушылардың топтары бойынша табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуіне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) негізсіз саралауды қолдану п р а к т и к а с ы н ж о ю ;

жергілікті маңызы бар табиғи монополиялар субъектілерін бақылау және реттеу функцияларын жергілікті мемлекеттік органдарға жүктеп, орталықсыздандыру.

Бәсекелестікті қорғау саласында

Бүгінгі таңда республикалық деңгейде де, өңірлік деңгейде де тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногының көптеген салалары үшін рынок субъектісінің өзінің үстем жағдайын теріс пайдалануы, баға белгілеу кезінде рынок субъектілері арасындағы жең ұшынан жалғасу тәрізді кінәратсыз бәсекелестік қағидаттарын бұзу көріністері және т.б. тән болып отыр.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың, әсіресе жергілікті деңгейдегі бір

шаруашылық субъектілерінің басқаларына қатысты мәні жағынан мүмкіндіктерін шектейтін іс-қимылдары орын алып отыр.

Бұл ретте мемлекеттік органдар үшін бәсекелестікті қорғау саласындағы өкілеттіктерінің және бәсекелестікті дамыту бөлігінде іс-әрекеттер үйлесімділігінің жеткіліксіздігі байқалады.

М а қ с а т т а р ы

Елдің негізгі тауар рыноктарында бәсекелестік бостандығына қол жеткізу және оны қолдау.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Бәсекелестікті қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді және ең алдымен "Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және қабылдау; рынок субъектілерінің үстемдік жағдайын теріс пайдалануының, рынок субъектілері арасында монополиялық бағаларды белгілеу бойынша, рыноктан ығыстыру және оған басқа субъектілердің кіруін шектеу бойынша жең ұшынан жалғаудың жолын кесуге мемлекеттік бақылауды күшейту;

кәсіпкерлік бостандығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық жүйесін нығайту;

өңірлік тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыноктарында бәсекелестікті қорғау функцияларын жергілікті мемлекеттік органдарға бере отырып, орталықсыздандыру.

9.5. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану

Табиғат қорғау заңнамасын одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша конвенцияларға қол қойылды, Қазақстан Республикасының Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасының жобасы әзірленді, барлық ластану көздерінің мемлекеттік кадастрларын және оларды орналастыру карталарын жасау жөнінде жұмыс жүргізуде; Бірыңғай қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің мемлекеттік жүйесі құрылуда.

Солай бола тұра бірқатар өңірлерде дағдарысты экологиялық ахуал орын алып отыр.

Атмосфералық ауа мен су объектілерін ластаудың теріс үрдістері сақталуда, парник газдарының және озонды бұзатын заттардың қалдықтарын қысқартуға немесе төмендетуге бағытталған шаралар жүзеге асырылмай отыр, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесі жоқ.

М а қ с а т т а р ы

Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру, қоғам қажеттіліктеріне сәйкес табиғат пайдалану процесін реттеу.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыру

мақсатында "Қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы әзірленетін болады.

Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту үшін экологиялық талаптар қайта қаралатын және әзірленетін, оларды барлық табиғат пайдаланушылардың орындауы жөнінде қатаң шаралар қолданылатын болады.

Шаруашылық қызметтің экологиялық жағынан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын кәсіпорындарды міндетті түрде экологиялық сақтандыру және оларға аудит жүргізу жүйесі енгізіледі, сондай-ақ Каспий аймағында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарға қойылатын қосымша экологиялық талаптар мен стандарттар әзірленеді.

Бүгінгі күннің талаптарына жауап беретін өсімдіктер мен жануарлар дүниесін көбейтуді және пайдалануды қорғау саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Орман Кодексі және "Жануарлар дүниесін қорғау, көбейту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады, "Қазақстанның ормандары" атты бағдарлама әзірленеді.

Екіжақты және көпжақты уағдаластықтарға, атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму саласындағы БҰҰ-ның конвенцияларына және жаһандық халықаралық форумдардың шешімдеріне сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының міндеттемелерін және бағдарламаларды орындау жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Мұнай өндіру кезінде ілеспе газды кәдеге жарату проблемасына айрықша назар аударылады, жер қойнауы мен мұнай операцияларын жүргізу жөнінде заңнамаға тиісті өзгерістер е н г і з і л е д і .

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында "Ауыз су" салалық бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етіледі, оған сәйкес ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету жүйелері салынады және қайта жаңартылады.

Табиғат қорғау қызметін, жерүсті суын да, жерасты суын да ұтымды пайдалану мен қорғауды көтермелейтін экономикалық тетіктер әзірленеді және енгізіледі.

Қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін қоршаған ортаның сапасын жақсарту және табиғи ресурстарды сақтау процесіне қоғамды тарту мақсатында айрықша қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық туризм бағыттарының желісі дамитын болады.

Шикізат бағытындағы компанияларда ИСО 14000 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес сапаны басқару жүйесі енгізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге зор көңіл бөлінеді және заңнаманы одан әрі реформалау оны жүйелендіру мен пәрменділігін арттыруға, сондай-ақ оны Еуропалық одақтың директиваларымен жақындастыруға бағытталатын болады.

Қалдықтарды орналастыруға және кәдеге жаратуға, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында:

өндіріс және тұтыну қалдықтары проблемаларын шешуге бірыңғай мемлекеттік

к о з қ а р а с т а р

б е л г і л е у ;

әртүрлі деңгейде қалдықтарды басқару жүйесін әзірлеу;
республиканың бүкіл аумағында тұрмыстық қалдықтарды жинау, сақтау және
бақылау жасалатындай дәрежеде оларды кәдеге жарату жүйесін енгізу;
қалдықтар қоймаларының мониторингі жүйесін дамыту жөнінде шаралар әзірлеу
көзделуде.

10. Заң шығару қызметі

Заң шығару қызметі елде жүргізіліп жатқан реформаларды құқықтық тұрғыдан
қамтамасыз етудің жақсара түсумен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Парламентімен келісілген перспективалы заң жобалау
жұмыстарының 2003-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілді. Заң жобаларына
міндетті түрде ғылыми сараптама жүргізу енгізілді, бұл олардың сапасына игі ықпал
етуде. Қолданыстағы заңнаманы жүйелендіру жөнінде, атап айтқанда оны кодтау
жөнінде жұмыс жүргізуде. Осы бағытта одан әрі жұмыс істеуге бағдар болған Заңнама
салаларының бірыңғай сыныптамасы бекітілді.

Сонымен бірге заң базасы көлемді әрі қарама-қайшы болған күйінде қалып отыр.
Үкіметтің заң жобалау жұмысында депутаттық корпустың және үкіметтік емес
ұйымдардың әлеуеті жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды. Қабылданған заңдарды
орындау проблемасы тиянақты шешілмей отыр.

М а қ с а т т а р ы

Заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қолданыстағы заңнаманы жүйелендіру, оны ескірген және қайталайтын
нормалардан арылту, қоғамдық қатынастардың кейбір салаларын құқықтық реттеудегі
олқылықтардың орнын толтыру жөніндегі жұмыс жалғасын табады. 2004 жылы Үкімет
Қазақстан Республикасы Заңдарының жиынтығын құру бойынша нақты ұсыныстарды
ә з і р л е й д і .

Заң жобаларының сапасын қамтамасыз ету үшін оларды әзірлеуге қажетті қаржы
қаражатын бөлу көзделуде, бұл осы жұмысқа біліктілігі жоғары мамандарды, оның
ішінде академиялық ғалымдарды тартуға мүмкіндік береді. Заң жобаларының
тұжырымдамаларын алдын ала пысықтауға және олардың ғылыми сараптамасына зор
к ө ң і л б ө л і н е т і н б о л а д ы .

Заң жобалау жұмыстарының перспективалы және жыл сайынғы жоспарлары
Парламент Палаталарының ұсыныстарын ескере отырып жасалады.

2004 жылдан бастап дайындау әзірлеуші-органның құзыреті шегінен шықпайтын
заң жобаларын қоспағанда, Парламенттің мүдделі депутаттарының және үкіметтік емес
ұйымдар өкілдерінің заң жобаларын дайындау жөніндегі жұмыс топтарына қатысуы
қ а р а л а т ы н б о л а д ы .

Барлық қабылданатын заңдардың тиімді түрде іске асырылуын қамтамасыз ету

мақсатында оларды қаржымен қамтамасыз етудің жетімділігі қағидаты нақты сақталатын болады. Қабылданған заңдарды орындауға бағытталған қосымша заң кесімдерін қабылдау нормалар шығару қызметі басымдықтарының бірі болып қала
б е р е д і .

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын және Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының іске асырылуын, сондай-ақ көлік-коммуникация және қаржы инфрақұрылымын, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін және қоғамның тыныс-тіршілігінің басқа да салаларын дамытуды нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға бірінші кезекте назар аударылады.

Белгіленген тәртіппен республиканың ұлттық мүдделеріне сай келмейтін, елдің ішкі заңнамасының дамуына кедергі келтіретін халықаралық шарттардан Қазақстанның шығуы мақсатында оларға түгендеу жүргізу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Ұсынылып отырған шараларды іске асыру арқылы осы Бағдарлама ұсынатын барлық шараларды нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету жүзеге асырылады және біздің мемлекетімізде бұдан былайғы саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар үшін құқықтық база жасалады.

11. Қаржы және салық-бюджет саясаты

11.1 Ақша-кредит саясаты

Қазіргі уақытта Қазақстанның қаржы жүйесі басқа ТМД елдерімен салыстырғанда неғұрлым реформаланған және дамыған жүйе болып табылады. Жеке тұлғалардың депозиттеріне ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі табысты жұмыс істеуде. Ипотекалық кредит беру және вексельдік қайта қаржыландыру жүйесі дамып келеді. Почта-жинақ жүйесін дамыту жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде, екінші деңгейдегі банктердің қызметтің халықаралық стандарттарына көшу бағдарламасын іске асыру
а я қ т а л у ғ а ж а қ ы н .

Ақша-кредит саясаты әлемдік стандарттарға жақындатуға, валюта режимін
ы р ы қ т а н д ы р у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .

Қаржы рыногын мемлекеттік реттеу жүйесін реформалауға зор маңыз бөлуде.

Банк секторын дамыту саласында банктерде тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу және ағымдағы қадағалау, оның ішінде топтасып қадағалау әдістерін жетілдіру жөніндегі жұмысты жандандыра түсу қажет.

Негізгі қызметі кредит жағдаяттарын жүргізу және кредиттік есептер беру болып табылатын кредиттік бюро құру мәселесі көкейкесті сипат алып отыр.

Сақтандыру рыногын дамытуда бірқатар мәселелер шешілмеген күйінде қалуда.

М а қ с а т т а р ы

Нақты сектордың қаржы ресурстарына қажеттіліктерін қанағаттандыратын және халықаралық стандарттарға сай тиімді жұмыс істейтін қаржы жүйесін құру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк "Қазақстан Республикасының қаржы секторын

дамытудың негізгі бағыттары" тұжырымдамалық ережесін әзірледі, ол қаржы рыногына қатысушылар қызметі негізгі бағыттарының 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Еуроодақ стандарттарына сай болуын айқындайды.

Осы тұжырымдама шеңберінде:
инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшуге дайындалу;
валюта режимін одан әрі ырықтандыру;
қаржы рыногын қадағалау жөнінде дербес бірыңғай реттеуші орган құру;
банктерде, сақтандыру ұйымдарында, жинақтаушы зейнетақы қорларында ағымдағы қадағалау әдістерін жетілдіру және корпоративтік басқару мен тәуекелдерді басқару жүйелер енгізу;

кредиттік бюро құру;
сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының (сақтандыру брокерлерінің, актуарийлердің және уәкілетті аудиторлардың) қызметін жандандыру;

халықаралық стандарттарды ескере отырып, жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін жетілдіру;

Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін енгізу; ипотекалық кредиттеу және тұрғын үй-құрылыс салымдары жүйесін дамыту;
жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеудің нормативтік құқықтық базасын одан әрі жетілдіру көзделуде.

2006 жылдың аяғына қарай инфляция 4,5%-ға дейін төмендейді, экономиканы монетарландыру деңгейі 25%-ға дейін артады, қайта қаржыландыру ставкасы 5,5%-ға дейін төмендейді, экономикаға банктер кредиттерінің және резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің ағымдағы көлемімен салыстырғанда ол екі еседен астамға ұлғаяды.

11.2. Салық саясаты

2002 жылы Салық кодексінің енгізілуі қазақстандық салық заңнамасын дамытудың маңызды кезеңі болды, ол салық саласындағы құқықтық тетіктердің тиімділігін бір мезгілде арттыра отырып, алдындағы жылдары құрылған салық жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін нығайта түсті.

Кеден ісі саласындағы құқықтық нормаларды біріктіретін және жүйелейтін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, кеден рәсімдерін оңайлатуға және сонымен бір мезгілде тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін халықаралық нормаларды барынша пайдаланатын Қазақстан Республикасының Кеден кодексі қолданысқа енгізілді.

Салық кодексін қолданудың оң нәтижелерімен қатар елдің экономикалық өсуі және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында салық жүйесін жетілдіру проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр.

Қолданыстағы салық заңнамасының ережелері жеке тұлғалардың табыстарын ресми емес айналымнан шығаруға, негізгі жабдықтарды ұдайы өндіру мен жаңартуға

инвестициялар салу үшін оңтайлы жағдайлар жасауға толық жәрдемдеспей отыр.

Инновациялық қызметті көтермелеудің пәрменді тетіктері жоқ, бұл ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялы өндірістерді дамытуға белгілі бір дәрежеде т е р і с ә с е р е т у д е .

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

М а қ с а т т а р ы

Республикада жүргізіліп жатқан салық саясатының мақсаты экономикаға инвестицияларды одан әрі ынталандыру, инновациялық белсенділікті көтермелеу, төлем қабілеті бар сұранымды арттыру үшін халықтың қолында бар табысты көбейту болып табылады.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Әлеуметтік салық бойынша ставкалардың регрессивті шәкілін және жеке табыс салығы бойынша неғұрлым ырықты ставка шәкілін белгілеу;

қосылған құн салығының ставкасын төмендету;

ғылыми және инновациялық қызметті көтермелеу, оның ішінде қосылған құн үлесі жоғары өндірістерді дамыту үшін экономикалық жағдайлар жасау;

инвестициялардың өсуін көтермелеу мақсатында амортизациялық саясатты ж е т і л д і р у ;

мұнай операцияларына салық салуды жетілдіру;

салық әкімшілігін жүргізуді автоматтандыру процестерін дамыту;

шағын бизнесті дамыту және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін жағдайлар жасау мақсатында арнайы салық режимдері нормаларының әдіснамасы мен оларға әкімшілік жүргізудің нормаларын жетілдіру.

Салық жүйесін жетілдіру жөніндегі көзделген шаралар салық салу деңгейін нақты төмендетуге мүмкіндік береді, бұл экономикалық өсу қарқынын одан әрі арттыруға ы н т а л а н д ы р а д ы .

Мемлекеттік бюджеттің кірістерін ұлғайту ұлғайту кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, заңсыз көлеңкелі айналымды қысқарту арқасында салық салынатын базаны кеңейту есебінен жүргізілетін болады.

1 1 . 3 . Б ю д ж е т с а я с а т ы

Орта мерзімді бюджеттік жоспарлау қағидаттарына көшу жүзеге асырылды. 2002 жылдан бастап енгізілген бюджеттік бағдарламалардың паспорттары бюджет ақшасын жұмсаудың ашықтығын және олар бойынша бюджеттік бақылау жүргізудің тиімділігін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Республикалық бюджет комиссиясы тұрақты негізде жұмыс істейді, бұл республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау жөніндегі ұсыныстарды неғұрлым сапалы деңгейде қарауға мүмкіндік береді.

Бюджетаралық қатынастардың жүйесін жетілдіру орталық пен өңірлер мүдделерінің теңдестірілуіне қол жеткізуге, өңірлердің экономикалық дамуына

мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінің мүдделілігін арттыруға және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге б а ғ ы т т а л д ы .

Алайда, бюджетаралық қатынастар жүйесінде орта мерзімді кезеңде тұрақтылықтың әрі облыстық және аудандық бюджеттер арасындағы кіріс және шығыс өкілеттіктерінің заң жүзінде бекітілген бөлудің жоқтығы сияқты проблемалар бар.

Мемлекеттік шығыстарды басқарудың сапалы жаңа деңгейіне көшуді, бюджет қажеттіліктерін одан әрі оңтайландыруды, бюджет шығыстарын нормативтік бағалауға кезең-кезеңімен көшуді және бюджетаралық қатынастар жүйесін дамытуды қамтамасыз ететін Бюджет кодексінің жобасы әзірленді.

М а қ с а т т а р ы

Бюджет саясатының мақсаты шығыстарды мемлекеттік функцияларды толық көлемде орындау, мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру, экономикалық өсудің тұрақты қарқынын қолдауға жәрдемдесу, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыру қамтамасыз етілетін деңгейде ұстау болып табылады.

Ш е ш у ж о л д а р ы

2003 жылы бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізудің ә д і с т е м е с і ә з і р л е н е д і .

Заңнамалық және нормативтік актілердің нормаларын Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс және Бюджет кодексін іске асыруға бағытталған нормативтік актілерді әзірлеу жалғастырылатын болады.

2003-2004 жылдары бюджет шығыстарын жоспарлаудың нормативтік әдісін енгізу ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Бюджеттік бағдарламалаудың әдістерін одан әрі енгізу жалғастырылады.

2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Орта мерзімді фискальдық саясатын жыл сайын сырғымалы қағидат бойынша қалыптастыру көзделуде, бұл орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының бюджеттерін әзірлеу кезінде негіздер жасауға, бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде ашықтыққа, айқындылыққа қол жеткізуге қызмет ететін болады. Орта мерзімді фискальдық саясатты әзірлеуді практикаға енгізу мемлекеттік шығыстар туралы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Кредит қаражатын тиімді пайдалануға, кредиттерді қайтару, бюджет кредиттерін уақтылы өтеу, қарыз алушылардың бюджет алдындағы мерзімі өткен берешектерін азайту жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды арттыруға ықпал ететін бюджет кредитін беру тетіктерін жетілдіру жалғастырылады.

Ауылдық округтер, ауыл әкімдері қызметінің қаржылық тетіктерін жасау (оның ішінде олардың аппараттарын құру) көзделеді.

Алғашқыда ауыл әкімі аппаратын бюджеттік бағдарламалар әкімшісі етіп белгілеу, перспективада - өз бюджетін бөлу жолымен ауылдық деңгейде қаржы қаражаттармен

қамтамасыз ету тетігі әзірленеді.

Ұлттық қор активтерін басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста үкіметтік борыш деңгейінен көріне отырып республикалық бюджет тапшылығының оңтайлы мөлшерін белгілеу жөнінде шаралар қабылданады.

Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың құрылымында және жалпы көлемінде сыртқы қарыздардың үлесін қысқарту және ішкі қарыздардың үлесін арттыру көзделеді.

Үкіметтік қарыз алу құнының қол жеткізілген деңгейі мен пайдаланылатын қаржылық құралдардың құрылымын ескере отырып, республиканың экономикалық қауіпсіздігінің рұқсат етілген мөлшерлері шегінде үкіметтік қарыз алуды ұтымды және тиімді жүзеге асыру және сыртқы қарыздар есебінен инвестициялық жобалар бойынша, консультациялық, әкімшілік және операциялық шығыстарды оңтайландыру жөніндегі жұмыс жүргізу көзделуде.

Мемлекеттік сатып алу бойынша заңнамалық базаны жетілдіру жөнінде шаралар қабылданады.

11.4. Инвестициялық саясат

Шетелдік және отандық инвесторлар үшін бірдей жағдайларды қамтамасыз етуге, инвестицияларды мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруге, оның ішінде инвестициялық келісім-шарттарды жасасу процесін оңайлатуға және олардың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған "Инвестициялар туралы" жаңа Заң қабылданды.

Инвестициялық салада осы уақытқа дейін іске асырылған шаралардың нәтижелері ретінде мыналарды атап өткен жөн: негізгі капиталға инвестициялар көлемінің жыл сайын ұлғаюы; "Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің Қазақстанға инвестициялық санатқа жатқызылатын ВааЗ кредит рейтингін беруі; мемлекеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру жүйесін ретке келтіру; мемлекеттік даму институттарын құру.

Сонымен бірге, инвестициялық саясат саласында мынадай проблемалар сақталып отыр: экономиканың өңдеуші салаларына инвестициялардың төмен деңгейі; елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін экономиканың басым салаларына инвестициялық ресурстарды шоғырландыру және қайта бөлу институттары мен тетіктерінің жеткіліксіз тиімділігі; мемлекеттік қаржы ресурстарының қатысуымен жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды басқару мен іске асырудың тұтас құрылымдық-институционалдық жүйесінің болмауы.

Мақсаттары

Инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту, экономикаға инвестициялар тарту мен оларды тиімді пайдаланудың жоғары деңгейіне қол жеткізу, экономиканың басым секторларына инвестициялардың көлемдерін ұлғайту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Алдағы кезеңде мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2015 жылға дейінгі стратегиясына, Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасына және салалық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Отандық және шетелдік инвестициялардың қызметтің басым түрлеріне ағылуы көлемдерін ұлғайту және инвестициялық міндеттемелер мониторингінің тиімді жүйесін құру мақсатында мыналар:

жеке инвестицияларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін Қызметтің басым түрлерін айқындау жөніндегі кешенді әдіснаманы әзірлеу; инвесторлардың келісім-шарт міндеттемелерінің мониторингі бойынша деректердің электрондық базасын жасау жүзеге асырылады.

2003 - 2006 жылдарғы кезеңде:

инвестицияларды сақтандыру жүйесін құруға және дамытуға;

жеке инвестициялық қорларды құруға және дамытуға;

инвестициялық заңнаманы жетілдіруге бағытталған белсенді шаралар қабылданады.

Мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды, әлеуметтік секторды дамытуды, инфрақұрылымды дамытуды, аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесуді, Астана қаласын дамытуды қамтамасыз ету бюджеттік инвестициялардың басымдықтары болады. Бұдан басқа, ғылыми және ғылыми-техникалық инфрақұрылымды жаңғыртуға зор назар аударылады.

Бұдан басқа, алдағы кезеңде экономиканы дамытудың салалық және өңірлік басымдықтарына сәйкес инвестициялық жобаларды сапалы әзірлеуді көздейтін мемлекеттік инвестицияларды жоспарлаудың біртұтас жүйесі құрылатын болады.

12. Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті нығайту және қылмысқа қарсы күрес

Ұлттық және экономикалық қауіпсіздік, нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиялары, Қарулы Күштерді қолданудың стратегиялық жоспары қабылданды. Әскери құрылыстың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қылмыстың алдын алудың және оған қарсы күрестің кешенді шаралары іске асырылады.

Сонымен бірге шектес мемлекеттерде жағдайдың шиеленісу, терроризмнің, саяси және діни экстремизмнің, есірткі бизнесінің таралуы, қару-жарақтың заңсыз айналымының, заңсыз көші-қон қаупі сақталып отыр.

М а қ с а т т а р ы

Елдің қауіпсіздігін нығайту: елдің қазіргі заманғы Қарулы Күштерін, ПМ-нің ішкі әскерлерін және Шекара қызметін құру, терроризмге, нашақорлыққа, қылмысқа қарсы күресті күшейту және құқықтық тәртіпті нығайту. Елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыстық құқық саласына одан әрі адамгершілік сипат беру.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Барлық мүдделі мемлекеттермен, ең алдымен көрші елдермен достастық, тең құқықты және өзара тиімді қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған байыпты әрі сындарлы сыртқы саясатты жүргізу жалғастырылады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы форматындағы жұмыс жандандырылады, олардың терроризмге қарсы мәртебесін күшейтуге жәрдем көрсетілетін болады.

Қазақстанның периметрі бойынша Мемлекеттік шекараны делимитациялау, Каспий теңізінің мәртебесін анықтау жөніндегі мәселелер шешілетін болады.

Үкімет "Каспийдегі тұрақтылық пактісіне" қол қою мүмкіндігін қарау жөніндегі жұмысты жалғастырады. Каспийдің экологиялық қауіпсіздігіне зор назар аударылатын болады.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың басымдықтарын негізге ала отырып, негізгі күш-жігер терроризмнің саяси және діни экстремизмнің, қылмыстық өңірлік және трансұлттық көріністерімен күрестің, әсіресе, есірткілердің, қару-жарақтың заңсыз айналымының жоғары технологиялар саласындағы қылмыстардың, заңсыз көші-қон, сыбайлас жемқорлықтың таралуының алдын алу мен жолын кесуге шоғырландырылатын болады.

Қазақстан азаматтарының діни танымын әсірелендіруге жол бермеу, халықпен белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу жолымен діни экстремизмге насихаттық қарсы іс-әрекеттің тойтара қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

2003 жылы Қазақстан Республикасында терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленетін болады.

Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі 2003-2004 жылдары стратегиялық маңызы бар объектілердің (қауіптілігі жоғары кәсіпорындардың және коммуникациялардың) қауіпсіздігін, қарулар мен оқ-дәрілердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында заңнаманы жетілдіру болады.

Халықты және қоршаған ортаны табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы әзірленетін

б о л а д ы .

Мемлекеттік материалдық резерв жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыстарды аяқтау және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының сапалы әрі сандық сақталуын бақылауды жүзеге асыру көзделеді.

Мемлекеттік шекараны қалыптастыру мен жайластыру ҰҚК, Шекара қызметін құру және дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шекараны қорғау, оның ішінде шекаралық инфрақұрылымды қалыптастыру және теңіз шекарасын нығайту жүйесін жетілдіру жалғастырылатын болады.

Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының келуін-кетуін және болуын бақылау жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйені құру және пайдалануға беру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін кепілді қамтамасыз ету мақсатында жарактандырылған, ұтқырлығы жоғары Қарулы Күштер, ПМ-нің әскери құрамаларын және ҰҚК-нің Шекара қызметін құру, олардың әскери даярлығын одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады. Қарулы Күштердің құрылысы мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Мемлекеттің ақпараттық инфрақұрылымының қауіпсіздігі ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтаудың, олардың алдын алудың және жолын кесудің тиімді тетігін жасау, мемлекеттік құпиялардың сақталуына жауапкершілікті арттыру үшін 2003-2004 жылдары нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық құқық саласына одан әрі адамгершілік сипат беру барысында өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның орындалуы туралы ережені қолданысқа енгізу үшін қажетті жағдайлар жасалады, бұл болашақта өлім жазасын қолдануға мораторий енгізуге мүмкіндік береді.

Үкімет заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласында нақты іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Қазақстан Республикасының заңсыз көші-қон мен графикке байланысты мәселелерді реттейтін халықаралық шарттарға қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыру көзделуде.

Трафикпен күрес жөніндегі нақты шаралар олардың құрбандарын қорғау, оңалту және әлеуметтендіру, трафик пен жыныстық пайдалануды ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жазаны қатайту жөніндегі іс-шараларды ескере отырып, әзірленетін болады.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында Үкімет өзінің күш-жігерін есірткі ахуалын тұрақтандыру мен жақсартуға, есірткіге тәуелді адамдардың санын, есірткі қылмыстарын азайтуға, есірткі бизнесін ұйымдастырушыларды анықтауға және оқшаулауға, есірткі трафиінің жолын кесуге

жұмсайды. Осы мақсатта халықаралық ынтымақтастық кеңейтеді, нашақорлықтың алдын алу және нашақорларды медициналық емдеу жөніндегі қосымша шаралар кешені жүзеге асырылады.

Қазіргі заманғы болмысты ескере отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алудың қоғамдық институттарын барлық жерде өркендету, құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құралымдардың желісін дамыту жалғастырылады.

Ішкі істер органдарын халықпен байланыстыратын негізгі буын болып табылатын учаскелік полиция инспекторларын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін республикалық және жергілікті деңгейде қабылдау көзделуде.

2004 жылы Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленеді.

13. Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның топтасуы

Елдің әлеуметтік-саяси өмірінде қазақстандықтардың азаматтық белсенділігінің артуын айқындаған қоғамдық-саяси қатынастар саласындағы демократиялық өзгерістер үстем болды. Қазақстандық қоғамға тарихи тән этникааралық және конфессияаралық қатынастардағы төзімділік, қоғамдық бастамаларды дамыту, азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру, қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен оның топтасуын айқындаған факторлар болды.

"Саяси партиялар туралы" Заңды қабылдау нақты көп партиялы жүйенің қалыптасуын, партиялардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлін арттыруды негіздеді. Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес беделді қоғамдық институтқа айналып отыр. Үкіметтік емес ұйымдар секторы қалыптасты. Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Алайда, көптеген саяси партиялар халықтың жекелеген жіктері мен топтарының әлеуметтік және саяси мүдделерін толық білдірушілерге айналған жоқ, қоғамды демократияландыру процестеріне белсенді түрде тартылмаған. Үкіметтік емес сектордың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық база жеткіліксіз. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметін экономикалық қолдау жүйесі жоқ.

М а қ с а т т а р ы

Қоғамды одан әрі демократияландыру, этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайту, орнықты көп партиялық жүйені қалыптастыру, мемлекеттік және қоғамдық институттардың әріптестік қатынастарын нығайту, азаматтық қоғам институттарын дамыту.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Үкіметтің басымдықтарының бірі ықтимал саяси және әлеуметтік тартыстарға барабар ден қою, терроризмнің, сепаратизм мен экстремизмнің кез келген көріністеріне

қарсы тұру жөніндегі алдын алу шаралары болуы тиіс.

Осыған байланысты, саяси, конфессияаралық және этникааралық қатынастар процестерінің мониторингі мен оларды талдау маңызды міндет болып табылады.

Қоғамды демократияландыру процестерінде партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктердің сындарлылық әлеуетін арттыру, мемлекеттің партиялармен сындарлы диалогын және өзара іс-қимылын жалғастыру, қоғамды топтастыру мен көп партиялық жүйені дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған партияаралық қатынастарды нығайту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде, ұлттық-мәдени орталықтарды одан әрі дамытуда Қазақстан халықтары ассамблеясының рөлін арттыруға көмек көрсетілетін болады. Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңестің жұмысы жалғастырылады.

Азаматтық қоғамды құру әлеуметтік әріптестік қатынастар мен үкіметтік емес секторды нығайту, қоғамдық маңызы бар проблемаларды шешуде, әлеуметтік мәні бар жобаларды жүзеге асыруда үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мемлекеттік қолдау көрсету негізінде жалғастырылады.

Осы мақсатта 2003 жылы Азаматтық форум - ҮЕҰ-дың жалпы республикалық съезі өтеді, Парламентке "Үкіметтік емес ұйымдар туралы" және "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" заң жобалары енгізіледі.

Үкімет кәсіподақтармен және жұмыс берушілердің бірлестіктерімен ынтымақтастықты жалғастырады, үш жақты Келісімдерді іске асыру жөніндегі шаралар жүйесін жүзеге асырады.

Бағдарламада көзделген шараларды орындау Мемлекет басшысы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында қойған және Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге үдемелі және нысаналы бағытталған сипат береді.

Мұны негізге ала отырып, осы Бағдарламада әлеуметтік, экономикалық және экологиялық даму есебінен экономикалық өсудің тұрақты қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатының орта мерзімді кезеңге арналған нақты бағыттары тұжырымдалды.

Сабқтастықты сақтай отырып, Үкімет өз қызметінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі нақты іс-әрекеттерді басшылыққа алады.

Үкімет барлық билік тармақтарымен өзара қатынастарын сындарлылық негізінде құрады.

Атқарушы биліктің барлық деңгейлерін қамтитын Іс-шаралар жоспарын әзірлеу және кейіннен жүзеге асыру осы Бағдарламаны іске асырудың негізгі тетігі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК